

ХАБАРШЫ

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ



№ 1 (27)

2009

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 1 (27)

- Ж. Бексеновтың
- Ә. Қайдар
- Б. Қыдыр
- Ш. Қыдыр
- М. Қыдыр
- А. Мамбетов
- Б. Мамбетов
- Д. Мамбетов
- К. Мамбетов
- Е. Мамбетов
- К. Юсуп





**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 1 (27)

2009 жылғы наурыз

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

Редакциялық алқа:

М. Құл-Мұхаммед
Мемтерминком
төрағасы

С. Абдрахманов
М. Айымбетов
Т. Алпысбаев
М. Ахмет
Ж. Бейсенбайұлы
Ә. Кекілбаев
Б. Қалиұлы
Ш. Құрманбайұлы
М. Құлкенов
Б. Майлыбаев
Б. Момынова
Д. Омашұлы
К. Хұсайын
Е. Шаймерден
К. Юсуп

Бас редактор
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда
№ 2993-Ж куәлігі берілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ
КОМИССИЯСЫНЫҢ РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1338 қаулысы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне **енгізілетін өзгерістер** бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2008 жылғы 31 желтоқсандағы
 № 1338 қаулысымен
 бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 12, 98-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Майлыбаев Бағлан Асаубайұлы	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары
Шаймерден Ербол Шаймерденұлы	- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы
Алпысбаев Төлеубек Жұмагелдіұлы	- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті нормативтік-лингвистикалық проблемалар басқармасының бастығы, хатшы;

көрсетілген құрамнан Мыңбай Дархан Қамзабекұлы, Қажыбек Ерден Задаұлы шығарылсын.

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен Мемтерминком мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Әбен Сатыбалдиев және терминология мәселелері», филология ғылымдарының докторы Нұргелді Уәлиұлының «Оралман» сөзін олқы көрмейік», «Самұрық-Қазына» АҚ аудармашысы Бүркіт Жағыпарұлының «Құжат аудармасындағы кейбір мәселелер», М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының аға оқытушысы Б.Ө. Жексенғалиевтың «Қазіргі қазақ тілі фонетикасындағы жаңа ұғым-атауларға негізделген жіктелім жүйесі», М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушылары А.Е. Әубәкірованың «А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын жасаушы», К.Қ. Мұсылманбекованың «Сәулет-құрылыс терминологиясын қалыптастырудағы қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдерінің үлесі», Қарағанды «Болашақ» университетінің аға оқытушы Р.Н. Исмайлованың «Қазақ терминологиясының кешегісі мен бүгінгісі жайлы» және ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту департаменті Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы Саян Досаровтың «Көлік-коммуникация кешенінде терминдерді біріздендіру мәселелері» атты мақалалары беріліп отыр.

Ш. Құрманбайұлы,*филология ғылымдарының докторы,**профессор*

Әбен Сатыбалдиев және терминология мәселелері

Кеңестік кезеңде аударма, сөзжасам, терминология мәселелеріне ерекше мән беріп, өзіндік үн қосқан қазақ зиялыларының бірі белгілі аудармашы-ғалым Әбен Сатыбалдиев. Ол бірнеше повестер мен роман, әңгімелер жазған жазушы, әдебиетші болуымен қатар, аударма мәселелерін зерттеген ғалым. Ә. Сатыбалдиев көркем аударма мәселесіне арналған көптеген ғылыми мақалалар мен ғылыми-зерттеу еңбегін жазып, 1964 жылы «Қазақ әдебиетіндегі аударма мәдениетінің дамуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Оның көркем аударма мәселелері жайындағы «Рухани қазына» атты кітабы 1965 жылы жарық көрген. Сондай-ақ ол тіл, терминология мәселелеріне де араласып, мақалалар жариялаған. Аудармашы ғалымның «Орысша-қазақша сөздік туралы» (1955), «Тіл шұбарлығы неден?» (1958), «Терминология қағидалары туралы» (1962) мақалаларында аударма, сөзжасам, термин қолданысы мен терминологиялық сөздік түзу, терминдерді біріздендіру мәселелері сөз болады. Оның осы аталған еңбектерінде сөз болған мәселелер мен жасаған тұжырымдары, айтқан ұсыныстарының көпшілігі күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ та, екінші жағынан кеңес кезеңі тұсындағы терминология мәселелеріне арналған кез келген жарияланымды назардан тыс қалдырмауға тиіс екенімізді ескерсек те, оның еңбектеріне тоқталу міндет.

Орыс тілі үлгі тіл, орыс терминологиясы біздің ұлттық термин-қорымызды байытудың негізгі көзі ретінде танылып отырған уақытта өмір сүріп жатқанына қарамастан, ол өз тіліміздің сөздік қорын барынша ұтымды пайдалану қағидатын ұстанған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 21 қарашадағы санында жарық көрген «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында бірнеше құнды пікірлер айтқан. Мысалы, былай деп жазады: «Ең әуелі – өз тіліміздің бүкіл сөздік қорын сарқа пайдалануымыз керек. Бұл жөнінде біздің жұмысымыз әлі ақсап жатыр. Талай сөздеріміз ұмытылып барады. Олар бір жерден көріне қалса, «архаизм», «диалек-

тизм» дегендерді алдына тоса қоямыз. Турасын айтқанда, біздің кейбір тіл зерттеушілеріміз бен сыншыларымыз көп мәселеге орыс ғалымдарының орыс тілін зерттеуі тұрғысынан қарайды... Тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар емес пе? Орыс ғалымдары өйтетін болса, олардың әдеби тілінің көпжылдық тарихы бар. Олар сөз қорын түгел қатарға қосып болған, оларда әрбір сөздің мән-мағынасы айқындалып, ұшталып, қалыптасып кеткен. Ал біздікі не? Біздің баспасөзіміз де, ғылымымыз да жас қой әлі. Сол себепті, біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергіміз жоқ».

Аудармашы-қаламгер өз тіліміздің сөздік қорында бар атаулардың іске жаратылмай отырғанын терминқор қалыптастырудағы кемшілік деп таниды. Оның «біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергіміз жоқ» деген сөзін өте орынды және мәселенің мәнін терең сезіне отырып батыл айтылған ұлт зиялысының құнды пікірі десек, шындықтан ауытқыған болмаймыз. Себебі, сонау алпысыншы жылдары терминқор қалыптастыруда шет тілдеріне, оның ішінде орыс тіліне орынсыз жүгінудің қажетсіздігін айтып, өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін тиімді пайдаланбауды терминологиямыздағы орын алып отырған кемшілік ретінде көрсетуге екінің бірінің батылы жете бермеген болар еді. Сол жылдары жарық көрген әдебиеттерді, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларды зер салып оқыған әркім-ақ оған көз жеткізе алады. Ғалымның айтқан пікірі дәл бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, табиғи нәрсе сияқты болып көрінуі де мүмкін. Бірақ біз оның қалдырған мұрасына кешегі өзі өмір сүрген заманы тұрғысынан да қарауға тиіспіз. Сонда ғана кеңестік идеология шеңберінен шықпай, заман ағымына бейімделіп жасалған ғылыми тұжырымдардың көпшілігінен өзіндік ерекшелігі бар пікір айта білген қазақ зиялысының өзіндік үнін есту мүмкіндігіне ие бола аламыз. Сонымен қатар, кеңестік идеология шеңберімен шектелмеумен қатар, ол архаизмдерді әдеби тіл лексикасын, терминқорымызды байытудың бір көзі ретінде көрсетеді. Оның «Сондай-ақ сөз атаулының бәрінен саяси астар іздеп, бірін «арапшылдық» деп, бірін «түркішілдік» деп, бірін «ескішілдік» деп әр сөзге ат қойып, тұмар тағуға жаны құмар әсіре солшылсынған шолақ белсенділердің де содыры аз тиген жоқ» деген пікірі де алғашқы айтылған ойымен астасып жатыр. Ол осы тұста әсіре солшылдық пен бірге қазақ баспасөзінде әсіре сақтықтың, жалтақтықтың да орын алғанын айтады. «Турасын айтсақ, баспасөзге белсене араласып, тілге ықпал жасап келген адамдарымыздың бәрі бірдей өз тіліне жетік пе еді? Белгілі бір кезекші сөздерден, бір



калыптан шықса, зәресі ұшып, жылт еткен соны сөздердің бәрін сыпыра өшіріп, жалтақтап отыратын редакторлардың талайын көргенбіз» – деп жазады ғалым.

Ә. Сатыбалдиев жергілікті атауларды әдеби тілді байытудың көзі ретінде таниды. Жергілікті қолданыстағы сөздердің сала ұғымдарының атауы ретінде пайдаланылмай отырғанын кемшілік ретінде атап көрсетеді: «Диалект» деген қазақта бар ма, жоқ па, ол өз алдына бір мәселе. Болған күннің өзінде «диалект кірсе, тіл бұзылады» деген ұғым нақ қазір бізге келіспейтін нәрсе. Диалектінің бара-бара жалпы ұлттық тілге ұласатынын ғылымның өзі айтады. Оны біздің ғалымдарымыз да мойындайды. Бірақ бұл үшін олар ғасырлар керек деседі. Меніңше, олардың қателігі де осында. Бұл жеделдікті қажет етеді, ырғалып-жырғалуды көтермейді, ғасырлар бойы күтуге қаратпайды. Іске жарарлық сөзін бар екен, оны қос қатарға, дереу пайдалан, қоғамдық өмір қатынасындағы белгілі бір ұғымның қызметіне жек» – деп жазады ол. Егер жергілікті атаулардың арасынан қажеттілерін сұрыптап алып, қолданысқа енгізбесек, кейін кеш болады, олардың орнына шет тілдерінен енген кірме атаулар қалыптасып кетеді дейді. Бұл да мәселенің мәнін түсіне отырып орынды айтылған, білікті маман пікірі. Ғылым мен техниканың, өнердің белгілі бір саласында пайда болған жаңа ұғымдарға дер кезінде ат қойып, айдар тағып отырмаса, олардың өзге тілдегі атаулары тілге еніп қалыптасып қалары анық. Кейіннен тілдегі қолданысы бір ізге түсіп, жұрттың санасына сіңіп, құлағы үйреніп қалыптасып қалған ондай атауларды алмастыру оңайға түспейді.

Ол кеңестік кезеңде басшылыққа алынып келе жатқан терминология қағидаттарына сын айтып, оның кемшіліктерін атап көрсеткен бірден-бір маман. Ғалым бұл жөнінде былай деп жазады: «Терминология қағидасында бізде бір догмаға айналып бара жатқан әдет бар. Құрал-сайман, техника атауларына келгенде: «Оларды сол күйінде аудармай аламыз», – деп жұмыла кететін болдық». Осы пікірін ол «мотыга», «двигатель», «тормоз» сияқты бірнеше атауды мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Өз ұсыныстарын айтады.

Ұлт тілінде термин жасауды уақыт қажетсінбесе де, ұлт тілінің жайын ойлаған азаматтардың қажет еткенін айту керек. Ә. Сатыбалдиевтың сондай азаматтар санатында болғанын, оның сол кезде жазған еңбектерінен анық көруге болады. Ол осы біз сөз етіп отырған мақаласында былай депті: «Бізде «ұнамайды», «дұрыс емес» деп барды жоққа шығарушылар табылады да, оның орнына дұрысын айтып берушілер сирек ұшырасады.

Осындай амалсыздан туған сөздерге қарсы болғанда, «Орыстың «корм» деген сөзін аудармай, сол қалпында алу керек» деген бір ғалымның мақаласы да басылған».

Өз уақытының шындығын, ашық та ашына айтып отырған автордың бұл пікірінен де кеңестік кезеңде қазақ тілінде термин жасауға ынталылардың, сирек болғанын аңғару қиын емес. Ол ұлт тіліндегі термин шығармашылығына атсалысудың орнына оның өрістеуіне кедергі жасап, кері тартушылардың басым екендігін үлкен алаңдаушылықпен айтып отыр. Оның алаңдаушылығы да, оған қосылмайтын, қазақ тілінде термин жасаудан гөрі орыс тілінен дайын терминдерді қабылдай беруге бейілді замандастарының басым екендігіне қарамастан, мәселе көтеруі де орынды еді. Алайда қазақ тіліндегі терминқорды қалыптастыруға мүдделі зиялылардың мұндай пікірлері мен көтерген мәселелерін қолдаған ғылыми қауым өкілдері мен жекелеген жазушы-журналистер болғанмен, кеңестік терминқор қалыптастыру бағыты өзгере қоймады. 90-жылдарға дейін қазақ тілінің лексикалық байлығын ұтымды пайдаланып, ұлт тілінде термин жасау жандана қоймады. Орыс тілінен термин қабылдау қарқыны да үдемесе, бәсеңсіген жоқ.

1962 жылы жарық көрген «Терминология қағидалары туралы» атты мақаласында да ол терминологияның бірқатар мәселелеріне қатысты салиқалы ой, салмақты пікірлер айтады. Сол жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктер сериясына тілдік сараптама жасайды. Бүгінгі қолданыстағы терминмен айтқанда «терминография» мәселелерін сөз етеді. Оның «Терминологияның теориялық мәселелерін зерттеу және бұл саладағы тәжірибелерді қорытып, оған бағыт сілтеп отыру ісі бір ғана Қазақстанда емес, бүкіл одақ көлемінде әлі жеткіліксіз екендігі әр жерде айтылып жүр» деген пікірі сол кезеңдегі терминологияның дамуынан хабардар етеді. Сол алпысыншы жылдарда қазақ терминологиясының теориялық мәселелері қай дәрежеде сөз болғанына назар аударсақ, мақала авторының пікіріне қосылуға тура келеді. Дәл сол мезгілде терминологиялық теориялық мәселелерін зерттеуге арналған монографияны айтпағанда, бізде атап айта қоярлықтай ғылыми мақалалар да жарық көре қоймап еді. М. Исамбаевтың (1961), А. Тәжмұратовтың (1966), Ш. Бәйтқованың (1967), М. Насырованың (1969) кандидаттық диссертациялары негізінен сала терминдерінің жасалуы мен қолданысына, жаңа терминдер мәселесіне арналған еді. Ал сол кезеңде жарық көрген М. Балақаев, Ә. Қайдар, Ә. Әбдірахманов, Е. Жанпейісов, Т. Мұсақұлов



сынды ғалымдардың мақалалары терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, біріздендіру, аудару, оқыту сияқты мәселелерге арналды.

Терминологиялық сөздіктерде орыс тіліндегі бір сөздің баламасы ретінде тіліміздегі бірнеше синоним сөзді қатар беру жағдайы кездесіп отырады. Осындай әрекеттің салдары туралы аудармашы былай деп жазады: «Аудармада синонимдік сөздердің бәрін жинап-теріп бір-ақ сөздің балауына беруден, сөйтіп сол мәндес басқа сөздерге балама таппай отырып қалудан аулақ болайық». Оның бұл пікірі де ескерерлік пікір. Терминологиялық сөздіктерде осылай жарыстырыла беру салдарынан көптеген балама терминдердің қалыптасып, тілде орныға алмай жататындығы рас.

«Чан» деген сөз үй тірлігінде де, ұсақ қолөнер кәсібінде де көп заманнан бері «күбі» деп алынатын. Әуелгі сөздіктерге солай боп енген де. Ал кейін, осы сөз өндіріске, құрылысқа байланысты боп келгенде, олай деп алуға жүрегіміз дауаламай, «чан» деп қойыппыз да, жақшаның ішінде «күбі» деп түсінік беріппіз. Күбі болған соң, ол барлық жерде неге күбі бола бермейді екен?».

«Бізде термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады. Сол себепті де, оның ұғымын беретін атауды біз, ең алдымен, халықтың бар сөздерінен іздестіреміз» деп жазады ғалым. Бұл сөздің негізі бар. Кеңестік кезеңде жасалған терминдер мен атауларды саралай бастасақ, олардың басым көпшілігінің аударма барысында туындағанына көз жеткізуге болады. Бұл орайда қазақ тіл білімі дамуының кеңестік кезеңінде өз тіліміздің лексикалық қабаттарынан алынған немесе жаңадан жасалған азын-аулақ жаңа атаулар мен терминдердің қолданысқа енуіне аудармашылардың қосқан үлесінің айрықша екендігін айтқан жөн.

Алаш зиялыларын қуғындау, қамау басталған 30-жылдарда олардың жасаған, қолданысқа енгізген атауларын, терминдерін тілден аластауға, басқа сөздермен алмастыруға құмарлар көбейген еді. Ондай жаппай алмастыру мәселесі қойылмаса да, 60-жылдарда да тілде тұрақты қолданылып, бір ізге түсе бастаған аздаған қазақша терминдерді де көпсініп, оларды орысша нұсқасымен қайта алмастыруды қалайтындардың аз болмағанына ғалым-аудармашының мына жазғандары мысал бола алады: «Қазіргі қазақтың орта буыннан жоғарыларының бәрі сауатын ашқаннан бастап «квадрат» дегенді «шаршы» деп, «куб» дегенді «текше» деп оқып, бұл екі сөздің бар ұғымын тек сол атаулар арқылы ғана қабылдап өсті. «Текше метр», «шаршы метр» деген сөздердің мағыналарын түсінбейтін қазақ кем болатын. Сондықтан бұл сөздерді қайта өзгертіп, орысша қалыбына түсірудің не мұқтаждығы болды екен? Мүмкін, математика ғылымының

мамандарына бұл атаулардың оғаштау көрініп тұратын жайы бар шығар. Бірақ ондай кісілердің өздері ана тілінен қол үзіп, мұндай мағыналарды қазақша атаулар арқылы ұғынудан аулақтап қалуы ғажап емес қой. Күн сайын тек орысшасын айтып, орысша естіп жүргендіктен де, олардың құлақтары үйреніп кетіп, солай қарай бейімделе бергісі келіп тұруы да мүмкін».

Ә. Сатыбалдиевтың бұл айтқандарын қалыптасқан қазақша жасалған терминдерді қорғаптаған ұлт зиялысының, тіл жанашырының пікірі деп қарау ол көтерген мәселенің бір қырын ғана қамтиды. Мұнда ол тек орысша оқып, жазып өз тілінен алшақтап қалған қазақ ғалымдарының психо-логиясына терең үңіле білген. Ғалым олардың осы атауларды жатсынуының сырын, психоллингвистикалық себептерін дұрыс аңғарған. Бұл құбылыстың жарқын мысалдарын біз қазіргі қоғамнан да көптеп кездестіріп жүрміз. Оған аса таңданбайтын да дәрежеге жеттік. Алайда өз тілінің сөздеріне жатсына қарау, оларды тосырқай қабылдау психологиясының сонау 60-жылдары-ақ пайда болғанына көз жеткізуге болады.

Ә. Сатыбалдиевтың 30-жылдары алаш оқығандарының тұсында жасалып, кейін кеңесшілдер сынға алып қолданыстан ығыстырылған сөздер жөніндегі айтқан пікірі де көңілге қонады. Мәселен, оның «Паровозды «отарба» деуде пәлендей оғаштық та жоқ. Кезінде кімнің қалай өзгерткенін кім білсін, бірақ «паровоз» болғанда «отарба» болмайтындай да ештеңе жоқ сияқты. Егер осылай алына бергенде, бұл сөздің жап-жақсы атау-термин болып қалыптасып кетуі де ғажап емес еді» деген пікірі орынды айтылған деп білеміз. Ол «отарба» сөзінің жеке өзіне ғана қатысты емес, осы тақылеттес біраз сөздерді мысалға ала отырып, терминология дамуының өткен алаштық кезеңіне қатысты оң пікір айтып отыр. Оның кеңестік идеологияның кемеліне келіп тұрған кезінде 20-жылдары Ахмет Байтұрсынұлы жасап, қолданысқа енгізіп кеткен тіл білімі терминдері туралы – «Бастауыш», «баяндауыш», «анықтауыш», «толықтауыш» деген сияқты ғылыми атаулар соншалық жатықта үйлесімді болғандықтан да, халықтың санасына әбден орнығып алған», – деп жазуы да назар аудартпай қоймайды. Отызыншы жылдардың орта тұсынан бастап тоқсаныншы жылдарға дейінгі аралықта жарық көрген еңбектердің бірде-бірінен кеңестік билік тарапынан «қараланған» алаштық кезеңді «ақтауға», сол кезде ұлт тілінде жасалған терминдердің дұрыстығын дәлелдеуге батылы барып, мұндай пікір айтуға ұмтылғандарды кездестіру қиын. Керісінше, автордың қолдап отырған атауларын сынап-мінеп, тіпті орынсыз даттап,

ал кеңестік кезеңнің жетістіктері мен сара бағытын, орыс тілінің ұлт тілдерін дамытуға қосқан игі ықпалын әсіре мақтауға сөз таппай жата-тын пікірлерді молынан ұшыратасыз. Міне осындай кеңестік идеология берік орнығып, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытының дұрыстығы барынша дәріптеліп тұрған уақытта күні кеше ғана осы үстемдігі орнап тұрған бағытты қолдаушылар қатаң сынға алған кезеңде жасалған атаулардың дұрыстығын айтып, ағымға қарсы жүзуге әркімнің бара бермесі белгілі.

Кірме терминдерді тілімізге дәл орыс тіліндегідей қалпында өзгеріссіз қабылдау 30-жылдары заңдастырылып, 60-жылдары берік орныққан қағидат болатын. Осылай қабылдауда сыңаржақтық бар екендігі туралы алаш зиялыларынан кейін кеңес үкіметі тұсында 1953 жылы М.Әуезов жазған еді. Одан өзге сол кезеңде бұндай «қиғаш» пікір айтқан ғалымды біз кездестірмедік. Керісінше, белгілі тіл мамандарының қайсысының еңбегіне жүгінсек те, терминдерді орыс тіліндегідей өзгеріссіз алудың прогрессивтік жағы баса айтылатын. Ал Ә.Сатыбалдиев осы мәселеге қатысты өз уақытының талабы мен жетекші тілші ғалымдардың тұжырымдарына сәйкеспейтін, замандастарының айтқандарына қайшы келетін пікір білдіреді. Шет тілдерінен термин қабылдау жөніндегі оның көзқарасы мынадай: «Тек бір айта кететін нәрсе мынау – орысша терминдердің де, сол сияқты халықаралық терминдердің де қазақ тіліне сіңетіні бар, сіңбейтіні бар. Қазақ тілінің өзіне тән туындау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жаңа терминдер жасағандығы сияқты, шет тіл сөздерін әкелудің жолы мен жүйесін таба білу керек, оларды қазақ тілінің фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да және сөйлеу тұрғысынан да бойына сіңіріп, тез игеріп әкететіндей болуын көздеу керек». Кейбір кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгертіп жазу қазіргі терминологияда көрініс беріп отырған құбылыс болғанымен, бұл әлі толық шешімін таппаған мәселе. Ғалымның шет тілдері терминдерін жазуға, қабылдауға қатысты ғылыми құндылығын жоймаған бұл пікірі әлі де ескерусіз қалмауы тиіс.

Ә. Сатыбалдиев термин жасау, сөз жасау кезінде пайдаланылып жүрген жұрнақтардың пайдаланылуы мен олардың семантикасына қатысты да көптеген орынды пікірлер айтқан. Оның *-ғыш*, *-гіш*, *-қыш*, *-кіш* жұрнақтарының қолданысы мен *-уыш*, *-уіш*, *-ық*, *-ік*, *-қы*, *-гі*, *-ты*, *-ыр*, *-ір* жұрнақтарына қатысты пікірлерін бүгінгі терминжасам үдерісінде де ескерген дұрыс. Тіл қадірін біліп, сөз мәнісін түсінген білікті маман қазақ тілінің сөз тудыру қабілетінің зор екендігін ерекше

атап, термин шығармашылығында тілдің осы мүмкіндігінің пайдаланылмай отырғанына өкініш білдіріп, былай деп жазады: «Қандай өсімтал, қандай төлшіл, неткен икемді десеңізші біздің ана тіліміз! Өтген, не керек, тіліміздің осы мүмкіншіліктері аудармада, әсіресе термин жасауда толық іске жегілмей келеді».

Кеңес дәуіріндегі термин шығармашылығын зерттеу барысында біз автордың осы айтылған пікірінің еш қоспасыз әділ айтылған, ғылыми негізі берік пікір екендігіне толық көз жеткіздік. Қазақ тіліндегі термин шығармашылығы тоқырауға ұшырып, терминжасам тәсілдері іске қосылмай келген кеңестік кезеңді былай қойғанда, тәуелсіз ел атанғанымызға жиырма жылдай уақыт өтіп, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған қазіргі таңда да терминқор қалыптастыруда оның мол мүмкіндігі өз дәрежесінде пайдаланылмай отыр. Әрине, бұл мәселенің мәніне терең үніліп, арнайы жан-жақты зерттеу, талдау арқылы себептері көрсетілуі тиіс өзекті тақырып. Дегенмен, сол кеңестік кезеңде, алпыс жылдай уақыт ішінде қазақ тілінде термин жасаудан гөрі орыс тілі арқылы дайын терминдерді қабылдау дәстүрінің берік орнығып қалғандығының салдары ұлт тіліндегі термин шығармашылығы бүгін де қарқын алып, жүйеге түсіп кете алмай отыруына әсері жоқ дей алмаймыз. Дәлірек айтқанда, сол жарты ғасырдан астам үстемдік етіп келген дәстүрді бұзып, терминқор қалыптастырудың жаңа үрдісіне көшу оңай болмай отыр.

Сонымен, қорыта айтқанда, Әбен Сатыбалдиев 60-жылдардағы қазақ терминологиясының шешімін таппаған мәселелерін көтеріп, ұлттық терминқорды қалыптастыру мен біріздендіруге елеулі үлес қосқан, термин шығармашылығында, терминологиялық сөздік жасауда орын алған кемшіліктерді атап көрсеткен ғалым. Сондықтан Кеңес дәуіріндегі қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз болғанда оның еңбегі ескерусіз қалмауға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә. Сатыбалдиев. Орысша-қазақша сөздік туралы // «Социалистік Қазақстан», 1955 жылғы 13 ақпан.
2. Ә. Сатыбалдиев. «Тіл шұбарлығы неден?» // «Қазақ әдебиеті», 1958 жылғы 21 қараша.
3. Ә. Сатыбалдиев. Терминология қағидалары туралы. Алматы, 1962.
4. Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1965.
5. Әбен Сатыбалдиев. Сөз қазынасының кеніші. Астана, 2008. – 328.



болды. Олай болса, бір кезде жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, этникалық тазалаудан (геноцидтен) бас сауғалап жат жерге қоныс аударуға мәжбүр болған, Отанына қайта оралған бауырластарымызды құқықтық мәртебеге ие, әлеуметтік топ ретінде тану үшін өзгелерден ерекшелеп атау қажет болды. Оларға мемлекет тарапынан арнайы қолдау мен қамқорлықтың көрсетілуін негіздеу мақсатымен және оларға берілетін жеңілдіктер мен құқықтарының толықтай жүзеге асырылуы үшін олар *оралман* деген арнайы терминмен аталды. Ал *этникалық отандас* атауы бұл ақиқат ұғымға сәйкес келмейді. Бір кезде жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған қандастарымыздың тәуелсіздік алған, егемен елдікке қол жеткізген Отанына қайта оралғандарына өзіндік ат беріп, сол арқылы осы әлеуметтік топқа тән ерекше құқықтарды негіздеудің мәні зор. Сондықтан *оралман* деген атау қалың халық арасына бірден сіңісіп, қолданыс тауып кетті. Бұл атауға тек жекелеген адамдар қарсы екен деп, тілдік ұжымның санасында қалыптасқан концептінің тілдік жүйедегі аталымын күшпен өзгерту теріс әрекет деп бағаланады.

Оралман сөзінің дұрыстығына күмән келтірушілер көтерген дауды тоқтатып, жоғарыда айтылғандармен байланысты бұл атаудың саяси-қоғамдық, құқықтық - әлеуметтік, тарихи-ұлттық, тілдік-терминологиялық мәнділіктерге ие екенін ескеріп, аталмыш сөздің өз мәнінде қолданылуына жол беруді дұрыс деп санаймыз.

Айдарбек Қ.Ж.,

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының

аға ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының кандидаты

Арнаулы терминологиялар қалыптастырудағы терминологиялық аталымның кезеңдік сипаты

Қазіргі таңда терминдік бірлік ретінде аталып жүрген сөздер мен сөз тіркестері қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес туындаған лексика болып табылады. Тілдің терминдік лексика қабатының дамуында өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл сөздік құрамға жататын терминдік бірліктердің бәрі саналы әрекет нәтижесі деп айтуға болады.

Орыс ғалымы М.Н. Володина жалпы арнаулы терминологияның қалыптасуы процесін әдетте екі кезеңге – стихиялық және ұйымдық-мақсатты деп бөліп қарастырылатынын айта келе былай дейді: «... арнаулы терминология қалыптасуының бірінші кезеңі белгілі бір кәсіби-ғылыми саланың құрылуымен байланысты болса, ал екіншісі оның жоғары деңгейдегі дамуымен байланысты болып келеді. Бірақ, терминологиялық аталымның осы екі кезең актілерінде де адамның қызметі бағытталған нысандарға ғана атау беріледі» [1, 81 б.].

Терминологиялық аталым процесінің екінші ұйымдық-мақсатты кезеңінде жасалған терминдік бірліктер екінші аталым нәтижесі болып табылады. Бұл мәсеелемен түбегейлі түрде айналысып жүрген лингвист ғалымдар екінші аталымның гносеологиялық нәтижесін ұғымдардың бір-біріне ауысу қасиеті арқылы бұрын танылған ұғым негізінде қалыптасып, адамның ақиқат болмысты тану барысында атау берілуші заттың жаңа белгілерін көрсетеді деп түсіндіреді [2, 168 б.]. П.А. Флоренский осы пікірді қолдап, терминологиялық аталымның бірінші кезеңінде техникалық атаулар кездейсоқ белгіленуіне байланысты байқаусыз жасалса, ал екінші кезеңде керісінше техникалық тіл саналы түрде, белгілі бір мақсатпен, жүйелілік ерекшеліктер ескеріле отырып қалыптасатынын атап көрсетеді [3, 376 б.].

Нақты терминологиялар қалыптасуының алғашқы кезеңінде терминнің «ішкі формасын» айқындайтын терминологиялық аталым белгісінің таңдалуында негізгі рөлді субъективтік-ұлттық фактор атқарады. Терминдер қалыптасуының бұл кезеңі түрлі әдебиеттерде

стихиялық, табиғи, ғылыми терминологияға дейінгі деп аталып, арнаулы лексика пайда болуы мен дамуын талдаудың генетикалық аспектісімен тығыз байланысты.

Тілдік таңбаның семантикасы мәселесін жан-жақты зерттеген ғалым Ю.Д. Апресян: «Тілдік таңбаның семантикасы зат, қасиет, іс-әрекет, процесс т.б. туралы қарапайым ұғымды (**наивное понятие**) айқындайды. Нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ғаламның қарапайым бейнесі (наивная картина мира) қарапайым геометрия, қарапайым физика, қарапайым психология т.с.с. құрылып, халықтың материалдық және рухани тәжірибесін көрсетеді», – деп тұжырымдайды [4, 56-57 бб.].

Ғылым мен техника қалыптасуының алғашқы кезеңінде ғылыми танымның жалпы жағдайын, терминшығармашылығын айқындайтын басты факторды ұғым мен сөздің сәйкестігі емес, олардың кейбір ұқсастықтары ғана белгілейді. Әдетте, жаңа құбылыс пайда болғанда, ол бұрынғы тәжірибеде бар дүниемен салыстырылып, тіл арқылы оның ұқсас жақтары белгіленіп, жаңа ұғым тілде бар сөздер негізінде қалыптастырылады. Өйткені, ақиқат болмыс туралы білімді жетілдірудің оңай бір жолы тілдегі бар сөздердің лексикалық мағыналарында белгіленген бейнелер негізінде бекіту болып табылады.

Сондықтан да, алғашқыда термин ретінде ассоциативтік қайта ойлауға бейім келетін жалпы қолданыстағы сөздер қабылданған. Ассоциативтік байланыстардың түрлі сипатына қатысты терминологиялық қайта ойлаудың бірнеше принциптері бар. Мұндай терминжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі жалпы қолданыстағы сөздің атқаратын, орындайтын қызмет ұқсастығы ассоциациялары нәтижесінде терминденуі болып табылады.

Мысалы: *тегістеу* → *тегістеу* + *ші* → *тегістеуші* (*шлифовщик*);
шеку → *шеку* + *ші* → *шекуші* (*чеканщик*);
оймыштау → *оймыштау* + *шы* → *оймыштаушы* (*резчик*) және т.б.

Жалпы қолданыстағы сөз мағынасының арнаулы қолданысқа енуінің тағы бір өнімді тәсілі пішін ұқсастығына байланысты ассоциация болып табылады. Әсіресе бұл тәсіл арқылы техникалық терминдер кеңінен жасалады. Мәселен, *шапта саусағы*, *елек*, *артқы белдік*, *жынжыр табан* және т.б.

Әрбір ұлт тілінің негізгі сөздік қорын құраушы тілдік бірліктер адамға қажетті ең маңызды ұғымдарды белгілеп, әр түрлі терминологиялық жүйелердің ажыратылмас бөлігін танытады. Бұл ретте терминдену барысында семантикалық қайта мән алған сөздер мен арнаулы терминологияға өзінің негізгі мағынасымен енген сөздерді бөліп көрсету қажет. Мысалы,

зергер, шебер, нақыштаушы, пішуші, бояушы, көзеші, қышшы, бедерші, бебезуші т.б. атаулар жалпы қолданыстағы сөздерден арнаулы ұғымның маңызды белгілерін айқындайтын дефинициясының болуымен ғана ажыратылады.

Терминологиялық аталымның стихиялық кезеңіндегі әр түрлі тілдердегі терминдендірілуші ассоциациялардың ұқсастығы семантикалық ауысу құбылысының тілдік универсалдылығымен анықталып, ойлаудың жалпы адамдарға ортақ сипатымен айқындалады. Дегенмен, терминдер белгіленуші зат немесе ақиқат болмыс құбылысына деген нақты бір тілге тән субъективтік-ұлттық таным ерекшелігін көрсетеді. Осымен байланысты, тепе-тең ұғымдарды білдіруші сөздердің «ішкі формасы» түрлі тілдерде аталушы нысанның әр түрлі қырларынан көрсетеді.

Сонымен, терминологиялық аталымның стихиялық кезеңінде қалыптасқан терминдер әрбір терминологиялық жүйеге қажетті тектік-түрлік жіктемелік принципке барлық жағдайда бағына бермейтіндігін атап өткен жөн.

Лейбниц өзінің «символдық тіл» құбылысы жайлы айтқан тұжырымында былай дейді: «Атаулану процесінде белгілердің ыңғайлығы ескерілуі тиіс. Бұл атаудың қысқалығында емес, атау берілуші заттың мазмұнды негізінің дәл берілуінде жүзеге асады. Осы ретте ойлау жұмысы жеңілденіп, оны көз алдына келтіру, елестету қызметі оңай әрі тез орындалады» [5, 155-156 бб.]. Бірақ, мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін терминнің ақпараттық мазмұны оның құрылымдық-коммуникативтік тұлғасына толық сәйкес келуі қажет.

Ғалым П.А. Флоренскийдің пікірінше: «...сәтті жасалған атау (термин) бұл көп жылғы талдау, тұрақты және тығыз байланысты көптеген белгілердің сәйкестігін, қатынасын анықтау нәтижесі болып табылады» [Сонда, 369-371 бб.].

Терминологиялық аталымның «ұйымдық-мақсатты» екінші кезеңінде термин-сөздердің ішкі формасы ақпараттық сипатты айқын білдіретін арнаулы ұлттық және интернационалдық тілдік тәсілдер арқылы жасалады. Бұл ретте терминдер «жасанды реттеу нысандары» болып табылады. Терминологиялық аталымның белгілі бір мақсатты бағыты, нақты ономазиологиялық тапсырма арнаулы ақпараттық ұғымның тілдік белгіленуіне қолайлы амал-тәсілдер қолданылуын қамтамасыз етеді.

Түрлі терминологияларда жүйелілікті орнықтыру мәселесі, ең алдымен, нақты бір ғылыми-техникалық білім саласына жататын ұғымдардың иерархиялық тектік-түрлік жіктемесіне байланысты. Тілімізде бар



байырғы лексика негізінде терминологиялық қорымызды толықтыру кезінде немесе кез келген арнаулы саланың жаңа терминдерін жасау барысында белгілі бір үлгіні сақтаудың терминология үшін маңызы зор. Бұл негізінен терминологиядағы жүйелілікті сақтау үшін қажет. Осыған байланысты терминологиядағы жүйелілікті кейбір терминолог-ғалымдар терминжасамның басты принципі деп санайды [6, 213 б.].

Шынында да, қазіргі таңда көптеген ғалымдардың пікірі бойынша жалпы қолданыстық лексика мен терминдік лексиканың басты айырмашылығы кейінгісінің жүйелілік тұрғыдан ұйымдастырылуында. Арнаулы ұғымды білдіретін термин белгілі бір терминологиялық жүйеде нақты орны бар, сол жүйенің мүшесі болғандықтан ғана, сол жүйеге сәйкес мағынаға ие бола алады. Терминнің ақпараттылық қасиеті де осыдан туындайды. Бұл жөнінде қазақ терминологиясының жүйелілік мәселесін арнайы сөз еткен ғалым Ш. Құрманбайұлының пікірі назар аударарлық. Ол: «Жүйелеген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, іс жүргізу саласында *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме, көшірме, баянжазба* т.б. Тіл білімінің фонетика саласында *-м, -ым/-ім айтылым, алмасым, естілім, жасалым, екшелім, жалғаным, қатынасым* т.б. Синтаксис саласында кезінде А. Байтұрсынұлы жасап тілімізге енгізіп кеткен *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* терминдерін туғызған *-уыш, -уіш (-ыш/-іш)* жұрнағы бар екені белгілі. Әскери іс саласында *-уыл/-уіл, -ауыл/-еуіл* үлгісімен жасалған *шабуыл, айдауыл, ереуіл, жасауыл* сияқты көне атаулар қолданысқа ене бастады. Мұндағы бір айта кететін жайт соңғы үлгімен жасалған атаулар кейде дайын қалпында қолданысқа ене бастағанымен, терминжасамда бұл үлгі алдыңғы жұрнақтар сияқты жаңа терминдер тудыруда пайдаланылмай келеді» [7, 127-128 бб.].

Ғалымның жоғарыда келтірілген пікірін қолдай отырып, сала терминдерінің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгі бойынша біртектес жасалуының синтагмалық жүйелілігін, сонымен қатар терминжасам барысында парадигмалық ерекшеліктерді де ескерген дұрыс болар деп санаймыз.

Неміс ғалымы Л. Хофман термин мағынасы негізгі екі компоненттен құралады дейді. Біріншісі арнаулы ұғымның маңызды белгісінің айқындалуына

байланысты болса, ал екіншісі кәсіби-ғылыми саланың ұғымдық жүйесіне сәйкес терминнің алатын орнының анықталуы [8, 103 б.].

Шын мәнісінде, термин белгілі бір ұғымдық-терминологиялық жүйеде дұрыс орныққан жағдайда, ол келешекте таным құралына айналып, сол жүйенің әрі қарай дамуына септігін тигізеді. Терминологияны стандарттау – адамның терминшығармашылық қызметін оңтайландыруға, адамның терминжасам процесі барысында әлеуеттік мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға негіз болатын терминологиялық жұмыстардың бірі. Орыс терминологиясын зерттеген терминолог ғалым Р.Г. Котов стандарттауға қатысты төмендегідей пікір айтады: «Терминологияны біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттауға қол жеткізу қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеалды құбылыс екендігін атап көрсеткен жөн» [9, 45 б.].

Сонымен, терминологияны стандарттаудың маңыздылығы, әсіресе, кәсіби коммуникация процесінде айқын көрініс табады. Өйткені стандарттау нәтижесі әріптестердің өзара бір-бірімен толық түсінісуді қамтамасыз етеді. Сондықтан да айқын және жүйелі, ретті стандарттау негізінде құрылған нақты терминологиялар ерекше таңбалық амал-тәсілдер жүйесін құрап, арнаулы салада қолданылып, адамның шығармашылық қызметін бағыттап отырады.

Топшылай айтқанда, терминологиялық аталым – адамның қызметі мен түрлі білім салаларының арнаулы ұғымдарының ойлаумен тығыз байланысты атаулану процесі. Жалпы лексикалық аталыммен сабақтастықта жүзеге асатын терминологиялық аталым адамдардың танымдық қабілеттеріне тәуелді болып, тілдік ішкі және сыртқы факторларының өзара әрекеттестігі мен таным нәтижелерінің тілдік белгіленуімен сипатталады. Әдетте, бұл шығармашылық процесс екінші аталым негізінде орындалып, кәсіптік-ғылыми қызмет процесінде аса қажетті арнаулы үлгілеудің лексикалық бірліктер қатарына жататын ерекше атаулар-терминдердің жасалуына бағытталады.

Терминологиялық жұмыстар, әсіресе, оның реттелуі норма және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының қарастырылуын талап етеді. Себебі терминдерге ең басты қойылатын шарттардың бірі – олардың лингвистикалық тұрғыдан дұрыстығы. Сондықтан да терминологияны реттеуде алға нормативтік талаптар қойылады. Біздің ойымызша, терминдер мен терминологияларға қойылатын нормативтік шарттарды алты пунктке топтастыруға болады: 1) жүйелілік; 2) бірізділік; 3) термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі; 4) семантикалық дәлдік; 5) қысқалық;

б) терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу.

Белгілі бір терминологиялық жүйеге енгізілетін жаңа терминологияны реттеу және біріздендіру жұмысының барысында нормативтік параметрлерге сай келетін терминдер іріктеліп, сарапқа алынады. Нормативтік параметрлердің негізгілерін мынадай белгілер құрайды: атаудың ұғым мазмұнына сай келуі, келмеуі; терминнің көпмағыналылығына мүмкіндігінше жол бермеу; термин-синонимдердің тек қажеттілерін қалдырып, синонимдер санын шектеу; терминнің тілдік белгіленуінің ұтымды формасын беру; терминнің қысқалық белгісін, жеңіл айтылуын қамтамасыз ету; жаңа терминдерді өздерінің терминологиялық өріс үлгілеріне сәйкес жасап енгізу. Түйіндей келгенде, мынадай қорытынды шығаруға болады: жаңадан жасалған арнаулы атаулардың ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу; оларға дәл белгіленген анықтама беріп тіркеу; терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Володина М.Н. Теория терминологической номинации. М., 1997.
2. Телия В.Н. Гносеологический и семиотический аспекты номинации // Языковая номинация (Общие вопросы). М.: Наука, 1977.
3. Флоренский П.А. Термин//В.А. Татаринцов. История отечественного терминоведения. М., 1994. С.359-400.
4. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика //Ю.Д. Апресян. Избранные труды. Том I. М., 1995.
5. Лейбниц. Успехи математических наук. 1948.
6. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология (вопросы теории). – М., 1989.
7. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
8. Hoffmann L. Vom Fachwort zum fachtext. Beitrage Angewadten Linguistik. Tubingen, 1992.
9. Котов Р.Г. Развитие терминологии и информационные потребности современного общества//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академии наук союзных республик. А., 1983.

Жексенғалиев Б.Ө.,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ
тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы
кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі қазақ тілі фонетикасындағы жаңа ұғым-атауларға негізделген жіктелім жүйесі

Қазіргі қазақ тілі фонетикасы ғылымы дамудың жаңа теориялық деңгейіне көтерілді. Зерттеушілер «қазақ тілі дыбыстық жүйесін зерттеудегі теориялық-сингармониялық талдау» [1,134] кезеңі деп сипаттаған ХХ ғасырдың 80-90-жылдарынан бастап қазақ фонетикасында негізгі теориялық мәселелерді жаңаша көзқарас тұрғысынан қарау, зерттеу, талдаумен қатар «европоцентризм» ықпалымен енген тұжырымдар мен ұғым-атауларға қайта түсіндірме беру, толықтырулар енгізу, дыбыстық құрылымның жаңа терминдер жүйесін қалыптастыру үрдісі жүріп жатыр. «Қазақ фонетикасында қалыптасқан ұғымдар мен атаулар жүйесіне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді» [2, 12]. Осыған байланысты қазақ тілін оқытуда, тіл тануда ерекше маңызды мәселе – дыбыстық жіктелім жүйесін нақты ажыратып алу, ұғым-түсінік атауларын орын-орнымен қолдану болып отыр.

Бұрын қазақ тілі дыбыстарының жіктелімі негізінен айтылымдық (акустикалық), жасалымдық (артикуляциялық) белгілерге сүйеніп жүргізілгені мәлім және ол ұғымдарды ажыратудың нақты жүйесі де анық болған жоқ. Дауысты дыбыстарды тіл қатысына қарай «жуан дауысты, жіңішке дауысты» [3, 234-240] деп жіктеп келгеніміз бұған айқын дәлел. Көптеген оқу құралдарында дыбыстық жіктелім ұғымдарын ажыратпай қолдану әлі де жалғасуда. Осыған байланысты қазақ фонетистері фонетика ғылымының жаңа теориялық деңгейіне сай дыбыстық жіктелім атауларының жаңа жүйесін ұсынды. [4, 31-37]. Фонетика салаларының (айтылым, жасалым, естілім, просодика, интонация) өзіне ғана тән ұғым-атаулар құрамы мен жүйесі бар және осы атаулар ғылыми еңбектер мен оқу-әдістеме құралдарында бірыңғай пайдаланған дұрыс. Бұл терминдердің бір бөлігі Мемтерминкомда бекітілді (ашық жалаң дауысты, әуен, жуысыңқы дауыссыз, жұптас т.б., 2003 ж.), қалғандары ғылыми мақала, зерттеу еңбектерде қолданылып жүр.

Енді жаңа бағыттағы оқулықтар мен ғылыми еңбектерде қолданылып жүрген жіктелім атауларына тоқталып, алдымен дәстүрлі фонетикалық талдауларда қолданылатын фонетикалық терминдер жүйесін анықтап алсақ. Фонетикалық талдау арқылы тіл дыбыстарының жасалым (артикуляциялық), айтылым (акустикалық) және естілім (перцептивтік) ерекшеліктері анықталады.

Жасалым (артикуляциялық) жіктелім

1. Дауысты дыбыстардың жасалым жіктелімі:

а) құрамына қарай – *жалаң (монофтонг) дауыстылар және құранды (дифтонг) дауыстылар*. Жалаң дауыстылар жіктелімі: *ашық жалаң дауысты (открытый м) – а, ә; қысаң жалаң дауысты (закрытый м) – ы, і, ұ, ү және езу жалаң дауысты (негубной м) – а, ә, ы, і; ерін жалаң дауысты (губной м) – ұ, ү (о, ө, е)*. Құранды дауыстылар жіктелімі: *ашық құранды дыбыс (восходящий д) – о, ө, е; тұйық құранды дыбыс (нисходящий д) және тең дыбыс (истинный д) – о, ө, е; жалған дыбыс (ложный д)*.

ә) жақ қатысына қарай – *ашық (открытый г) – а, ә; жартылай ашық (полуоткрытый г) – о, ө, е; қысаң (узкие) – ы, і, ұ, ү*.

б) ерін қатысына қарай – *ерін дауыстылар (губные г) – доғал ерін – ұ, ү, сүйір ерін – о, ө; езу дауыстылар (негубные г) – езу – а, ә, ы, і, емеурін – е*.

в) жасалу орнына қарай – *тіл орта (среднеязычные г) – ә, ө, е, і, ү; тіл арты (заднеязычные г) – а, о, ы, ұ*.

г) дауыс шымылдығының қатысына қарай дауыстылар – *тербелмелі (колебательные)*.

2. Дауыссыз дыбыстардың жасалым жіктелімі:

а) дауыс қатысына қарай – *қатаң (глухой) – п, т, қ, к, с, ш; ұяң (звонкие) – б, г, з, д, ж, з; үнді (сонорные) – й, у, р, л, м, н, ң*.

ә) жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы (смычный) – п, б, м, н, т, д, қ, з, ң, к, г; жуысыңқы (щелинный) – у, р, л, й, з, с, ж, ш*.

б) жасалу орнына қарай – *ерін-ерінді (губно-губные) – п, б, м, у; тіл ұшы (альвеолярный) – н, т, д, ж, ш, р, л; тіл ортасы (среднеязычный) – г, к; тілшік (увулярный) – қ, з, ң, й*.

Айтылым (акустикалық) жіктелім

1. Дауысты дыбыстардың айтылымдық белгілері: *ауыз қуысты (ә, і, ү, ө, е), көмей қуысты (а, ы, ұ, о), кең шығысты (а, ә), емеурін шығысты (е), сүйір шығысты (о, ө), дөңгелек шығысты (ұ, ү), тар шығысты (ы, і)*.

2. Дауыссыз дыбыстардың айтылым белгілері: *нық тоғысыңқы* (п, т, қ, к), *босаң тоғысыңқы* (б, д, з, г), *бос тоғысыңқы* (м, н, ң, л), *нық жуысыңқы* (с, ш), *босаң жуысыңқы* (з, ж), *бос жуысыңқы* (р, й, у). Сол сияқты дауыссыздар жасалу орнына қарай жуан үндесбуындарда *көмей қуысты*, жіңішке үндесбуындарда *ауыз қуысты* болып жіктеледі.

Естілім (перцептивті) жіктелім

1. Дауысты дыбыстардың естілім белгілері: үндесім дыбысталуына қарай – *жуан әуезді* (а, ы, ұ, о), *жіңішке әуезді* (ә, і, ү, ө), жасалым дыбысталуына қарай – *ашық езу әуезді* (а, ә), *езу әуезді* (е), *қысаң езу әуезді* (ы, і), *ерін әуезді* (о, ө), *қысаң ерін әуезді* (ұ, ү).

2. Дауыссыз дыбыстардың естілім белгілері: *күшті лепті* (қатаңдар), *босаң лепті* (ұяңдар), *бос лепті* (үнділер). Қазақ тілінде тірек дауыссыздар әуез қатысына қарай үндесбуында *жуан*, *жіңішке*, *ерін*, *езу* әуезбен естіле береді. Ескерту: «қ, г» дыбыстары тек жуан әуезді буында, ал «к, г» дыбыстары тек жіңішке әуезді буындарда естіледі. Бұл дыбыстардың осы ерекшелігіне назар аударған А. Байтұрсынов бұларды «**тоң дыбыстар**» [5, 154] деп атаған. Сол сияқты үнді «у» дыбысының да буын таңдайтыны, тек ерін әуезбен айтылатыны анықталды.

Үндесім жіктелім (сингармониялық классификация)

Қазақ тілінде үндесім (сингармонизм) заңы дауысты, дауыссыз дыбыстарды буынға, буындарды сөзге біріктіреді, яғни үндесім - сөз құрау, сөз таныту, сөз айыру қызметін атқаратын тілдің басты заңы. «**Үндесім құбылысы – буын мен сөзге тән бірлік. Сондықтан да үндесім талдаудың желісі сөзден буынға, буыннан дыбысқа қарай тартылады**» [2, 28]. Сол сияқты үндесім, үйлесім талдауларда дәстүрлі фонетикада қолданылмаған арнайы дәйекшелер [2,28] жүйесі мен транскрипция (дыбыстаңба) қолданылады.

1. Үндесім сөздер (сингармосөздер). Қазақ тілі төл сөздерінің үндесім жіктелімі: *жуан езулік әуезді үндессөздер* – *арман, жылтырақ, қырман; жуан еріндік әуезді үндессөздер* – *сұр, құлын [құлұн], мойын [мойұн]; жіңішке езулік әуезді үндессөздер* – *тіршілік, аңгіме, елес; жіңішке еріндік әуезді үндессөздер* – *түнгі [түңгү], шөп, көрініс [көрүнүс]; аралас әуезді сөздер* – *біршама, отан, құлақ, тұран*.

2. Үндесім буындар (сингармобуындар). Қазақ тілінде буын құрамы бірыңғай әуезді дыбыстардан құралып, үндесім заңы бойынша 4 түрлі

әуезбен айтылады: *жуан езулік үндесбуындар – ар, жыл, қарт, айт; жуан еріндік үндесбуындар – доп, тұл, құнт, солқ; жіңішке езулік үндесбуындар – ән, ес, сән, селт, елп; жіңішке еріндік үндесбуындар – өз, үн, бүр, төрт.*

3. Үндесім дауыстылар (сингармодауыстылар). Қазақ тілінің 3 тірек дауыстысы (*ашық-а, қысаң-ы, құранды-о*) үндесім буындарда 9 үндесім аллафоны ретінде келеді [2, 30]. *Жуан езулік үндесдауысты – а, ы; жуан еріндік үндесдауысты – о, ұ; жіңішке езулік үндесдауысты – ә, е, і; жіңішке еріндік үндесдауысты – ү, ө.*

4. Үндесім дауыссыздар (сингармодауыссыздар). Дәстүрлі фонетикада дауыссыз дыбыстардың *жуан езулік үндес әуезді* нұсқасы (б, д, г-ғ, ж, з, й, к-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш) сипатталады. Ал үндесбуындарда естілетін дауыссыздардың 4 түрлі үндесім аллафоны түгел сипатталғанда ғана үндесім талдау толық болмақ. Бір мысал: «з» тірек дауыссыз дыбысының үндесім аллафондарын келесі сөздерден келтіруге болады. *Жуан езулік аллафон – аз, қыз, заң; жуан еріндік аллафон – оз, зор, құз; жіңішке езулік аллафон – әз, зер, мәз; жіңішке езулік аллафон – үз, бөз, күз.*

Үйлесім жіктелім (ассимиляциялық классификация)

Үйлесім (ассимиляция) дәстүрлі фонетикада дыбыс үндестігінің дауыссыздар арасындағы комбинаторлы (игерулі) түрі ретінде қарастырылып келді. Қазіргі кезде үйлесім қазақ тілінде дыбыстардың сингармониялық үндесуі мен үйлесуінің сөзде, морфемалар жігі мен сөз аралығындағы көрінісі ретінде, тілдің фонетикалық-грамматикалық болмыс-бітімін көрсететін заңдылық болып қарастырыла бастады. Сондықтан дауысты, дауыссыз дыбыстардың үйлесім белгілерін жалпы дыбыстық талдаудың ажырамас бөлігі ретінде сипаттаған дұрыс.

1. Дауыстылардың үйлесімі буын мен буын арасында, морфемалар арасында (*тіл үндестігі, ерін үндестігі*) үндесімнің бұлжымас заңы ретінде төл сөздерде, тілімізге ертеректе енген кірме сөздерде көрінеді. Бұл туралы үндесім бөлігінде айтылған.

2. Дауысты мен дауыссыз үйлесімі тек түбір мен қосымша, сөз бен сөз аралығында (*ілгерінді, кейінді ықпалдар, жартылай, толық аккомодация*) болады. Мысалдар: *балаға – түбір мен қосымша арасындағы жартылай үйлесім, ілгерінді ықпал; қазағым – толық үйлесім, кейінді ықпал; құрбы-құрдас [құрбұғұрдас] – сөз аралығы, толық ықпал; жауап үшін [жауабүшүн] – сөз аралығы, толық ықпал.*

3. Дауыссыздар үйлесімі де түбір мен қосымша, сөз бен сөз аралығында болады. *Достар, күзді – ілгерінді ықпал, жартылай үйлесім; бізіше [бішіше] – кейінді ықпал, толық үйлесім; ал қызыл [алғызыл] – ілгерінді ықпал, толық үйлесім; он бес[омбес] – кейінді ықпал, толық үйлесім; бес жыл [беишыл], он құн [оңгүн] – тоғыспалы ықпал, толық үйлесім.* Сонымен бірге сөз аралығындағы үйлесім тек бір ырақпен бір бунақ ішінде айтылатын сөздер аралығында болатынын ескерген жөн.

Қорыта келгенде қазақ тілі фонетикасындағы дыбыстық жіктелім түрлерінің үндесім теориясына негізделген жүйесі тіл табиғатын дұрыс түсініп, терең түйсінуге бастайтын жол екендігін баса айтқымыз келеді. Сондықтан тіл табиғатына жат ұғым-атаулар орнына тіл болмысын дәл танытатын пәнсөздер жүйесін енгізу үрдісін жалғастырған дұрыс.

Әдебиеттер

1. Тюркская фонетика – 90. Материалы I Всесоюзной конференции. Алма-Ата, 1990, стр. 134.
2. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002, 12, 28 б.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лек. Фон. Алматы, 1962, 234-240 б.
4. Терминологиялық хабаршы, № 2, 2002, 31 б.
5. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы, 1992, 154 б.



Бүркіт Жағыпарұлы,

«Самұрық-Қазына» АҚ аудармашысы

Құжат аудармасындағы кейбір мәселелер

Нормативтік құқықтық актілердің қазақша мәтіні көпшілікке түсініксіз деген пікір жиі айтылып жатады. Оның баршаға белгілі бірнеше себебі бар. Ресми құжаттардың қазақ тілінде сөйлей бастағанына көп уақыт бола қойған жоқ. Кеңес одағы кезінде бірен-саран болмаса, құжаттар негізінен орыс тілінде дайындалатын. Бүгінгі күннің өзінде нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың барлық құжаттары орыс тілінде әзірленіп, содан кейін мемлекеттік тілге аударылатыны белгілі. Демек, қазақ тілінде құжат әзірлеу тәжірибесі тек аударманың көмегімен ғана дамып келеді деуге болады. Және ресми аударма қолға алына бастағалы өткен он-он бес жыл бұл саланың толығымен қалыптасып кетуі үшін көп уақыт емес. Әрі осы қиын да күрделі қара жұмыстың басы-қасында жүрген аудармашылардың үсті-үстіне келіп жататын, «жедел» деген белгі соғылған құжаттар тасқынына малтығып, сөздер мен сөйлемдер мағынасының байыбына барып, терең үңілуге уақыт таба бермейтіні тағы бар. Сондай-ақ қазақ тілімен салыстырғанда орыс тілінде сөйлем құраудың, сөз саптаудың өзіндік ерекшеліктері жетіп артылады. Нормативтік-құқықтық актілердің мәтінінде кездесіп қалатын кейбір селкеуліктердің, сөйлем құраудағы кемшіліктердің орын алуы, терминдерді пайдалануда бірізділіктің болмай жататыны, ең ақырында құжат тілінің түсінудің ауыр болатыны да сондықтан.

Біз төменде күнделікті жұмысымызда жиірек кездесетін кейбір сөздер мен терминдер туралы пікірімізді ортаға салғымыз келеді.

Аудармада қиындық туғызып жүрген орыс тілі сөз саптасындағы бір ерекшелік сөйлемнің «который» деген есімдіктің көмегімен құрылуы. Мәселен, «Далее следуют **проекты, по которым** приняты соответствующие решения Правительства Республики Казахстан...» деген сөйлемді алайық (ҚРҰ 30.12.2000 жылғы №1963 қаулысы). Бұл сөйлем «Одан әрі **олар жөнінде** Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдері қабылданған **жобалар...** жалғасады» деп аударылыпты. Осы шағын сөйлемді түсінудің ауырлығын былай қойғанда, «одан әрі олар жөнінде» есімдіктер мен шылаулар қатар орналасып, жаңылтпашқа ұқсап кеткені көрініп тұр. Бұл ресми аудармада түпнұсқаның бір де бір сөзін қалдырмай аудару қажет деген жазылмаған қағидадан туындаған

кемшілік деп білеміз. Ал егер осы сөйлемді «олар жөнінде» деген тіркесті алып тастасақ түпнұсқаның мағынасына тіпті де нұқсан келмес еді. Алайда кей жағдайда «который» есімдігі қатысқан тіркесте, бұл есімдікті қолданбаған кезде түпнұсқаның мағынасы толық ашылмайтын жайлар да кездеседі. Мәселен, «Нотариат туралы» 14.07.97 ж. заңда «неустранения причин, **по которым** приостановлено действие лицензии» деген сөйлемді «лицензияның күшін тоқтата тұру себептері жойылмағанда» дегеннен гөрі «лицензияның күшін тоқтата тұруға әкелген себептер жойылмағанда» деп аударса ұғынықтырақ болған болар еді. Яғни, осы келтірілген мысалдар арқылы сөйлемнің мағынасын ашып, оның неғұрлым түсінікті болуына қол жеткізу үшін берер сөзді қосып немесе алып тастаудан еш зиян келмейтіндігін де атап өткіміз келеді.

Сонымен бірге «в том числе» деген тіркесі бар сөйлемдерді, әсіресе күрделі құрмалас сөйлемдерді аудару да біршама қиындық тудырады. Мәселен, ең қарапайым деген «деятельность акционерных обществ, **в том числе** имеющих стратегическое значение» деген сияқты тіркестің өзі кейде «**акционерлік қоғамдардың, оның ішінде стратегиялық маңызы бар акционерлік қоғамдардың қызметі**» деп аударылып жүр. Ал «акционерлік қоғамдардың, оның ішінде стратегиялық маңызы барларының қызметі» десек бір сөзді екі рет қайталауға ұрынбаймыз.

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінде «**тот или иной**» деген есімдік жиі кездеседі. Осы тіркес көбінесе «**сол немесе өзге**» болып сөзбе-сөз аударылып жүр. Мысалы: «требовать от участника торгов представления информации о намерениях приобрести **тот или иной** лот из числа выставленных на торги» деген сөйлемнің аудармасы былайша берілген: «сауда-саттыққа қатысушыдан сауда-саттықтарға қойылғандардың қатарынан **сол немесе өзге лотты** сатып алуға ниеті туралы ақпарат беруін талап ету» (ҚРҰ 26.04.2006 ж. № 326 қаулысы). Осы жердегі «сол немесе өзге» деген сөздер белгілі бір лотты нұсқап көрсетіп тұрғандай әсер қалдырады. Негізінде аталған тіркестің орыс тіліндегі мағынасы «қандай да бір», «қайсы бір» деген белгісіздік мағынасын білдіреді.

Сол сияқты «-нный», «-ний» деген қосымшалар жалғанған сөздерді аударуда да бірізділік жоқ. Айталық, «информационный центр», «инвестиционный фонд» деген сөздер кейде «ақпарат орталығы», «инвестиция қоры» болып, кейде «ақпараттық орталық», «инвестициялық қор» болып аударылып жүр. Бұл жерде дұрысы соңғы нұсқалар. Өйткені «ақпарат орталығы», «инвестиция қоры» деген сөздерді орыс тіліне қайта аударар болсақ, «центр информации», «фонд инвестиции» болып шығар еді. Осылайша аудармада қосымшаларды дұрыс қолданбаудың салдарынан

мәтінде әр түрлі ала-құлалықтар да болып жатады. Мысалы, «Единая система организационных и технических мер» деген тіркес «Ұйымдастыру және техникалық шаралардың бірыңғай жүйесі» деп те аударылып жүр. Мұндағы «ұйымдастыру» және «техникалық» деген сөздердің «шаралардың» сөзімен байланысатынын ескерсек, «ұйымдастыру шаралардың» деген сөздер бір-бірімен қабыспайтыны көрініп тұр, демек, дұрысы «Ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың бірыңғай жүйесі» болуға тиіс.

Қате аударылып жүрген кейбір жекелеген сөздер де кездеседі. Соның бір мысалы «реэкспорт» сөзі. Бұл көптеген құжаттарда «кері экспорт» делініп жүр. «Кері экспорт» сөзінің мағынасы бір елден әкелінген тауарларды *нақ сол елге* кері экспорттауды білдіреді. Ал «реэкспорт» дегеніміз – бұрын әкелінген шикізат тауарларын *басқа бір елге* өндеп немесе баға қосып қайта сату. Яғни, «кері экспорт» дегеннен гөрі «қайта экспорт» деген сөз дұрысырақ деген ойдамыз, өйткені ол нақ сол елге ғана кері сатуды білдірмейді.

«Доступ» деген сөздің мағынасы «ену», «кіру», «қол жеткізу», «қол жетімділік» деп әр түрлі беріліп жүр. Кей жағдайда осы сөздердің бірін ғана қолдану арқылы түпнұсқаның мағынасын дәл бере алмайсың. Мысалы, «беспрепятственный доступ на объекты, к документам и материалам, характеризующим их деятельность» деген сөйлемді алайық. Осында «объектілерге кідіріссіз кіру» деп айтуға болғанымен «құжаттар мен материалдарға» қатысты олай айта алмайсың. Сондықтан бұл жерде түпнұсқа мәтінінен алшағырақ кетіп екі нұсқаны да пайдалануға тура келеді: «объектілерге **кідіріссіз кіру**, олардың қызметін сипаттайтын құжаттар мен материалдарға **қол жеткізу**».

Құжаттардың тіліне соңғы жылдары енген сөздердің бірі – «**казахстанское содержание**». Бұл «қазақстандық мазмұн», «қазақстандық қамту», «қазақстандық үлес» деп түрліше аударылып жүр. Осылардың ішінде, біздің ойымызша, түпнұсқаның мағынасын ашатыны – біріншісі. Бұл тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты қолданылатын термин. Яғни еліміздегі тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің негізінен отандық болуын, қазақстандық мәнге, мазмұнға ие болуын, оларға қазақстандық өң берілуін көздейді. Ал «қазақстандық қамту» тіркесі біріншіден, сәтсіз құрылған, екіншіден аталған ұғымның мағынасын бермейді. Ал «қазақстандық үлестін» аудармасы – «казахстанская доля».

Біз күнделікті жұмысымызда кездесетін аудармадағы проблемалардың кейбіреуін ғана ортаға салдық. Ондағы мақсат – құжат мәтіндердегі кемшіліктерді теріп, сын айту емес, әріптестермен ой бөлісіп, пікір алмасу ғана.

Мұсылманбекова К.Қ.,

Манаи Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы

Сәулет-құрылыс терминологиясын қалыптастырудағы қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдерінің үлесі

Қандай бір тілде болсын жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тілі, ұлттық тіл лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Олай болса бұлардың қатарында ұлт тіліне тән неше алуан құрылымдық типтері \ түбір, туынды түбір, күрделі сөз, сөз тіркесі \ молынан кездеседі.

Терминжасам процесінде ұлт тілі өз сөзжасам амалдарының дайын үлгілерін алға тартса, басқа тілдер мен кірме сөздерді қабылдау сәтінде де осы тәсілдерге сүйене отырып, ол өзіндік үлгілерін құрайды. Мұның әрқайсысының өзіндік сипаты бар. Тілдегі болып жататын мұндай өзгеріс, өрістерді дер кезінде еске алып, ескеріп отыру қажет. Термин жасау творчестволық іс. Ол үлкен жауапкершілікті қалайды. Сондай мәселелердің бірі – сәулет-құрылыс терминологиясын қалыптастырудағы қазақ тіліндегі сөз тудырушы тәсілдер.

Қазақ тілінде жаңа термин жасаудың белгілі бір тәсілдері тұрақтанған тәрізді және ең алдымен мынадай негізге сүйенеді: қосымшалау, сөз біріктіру және сөз қысқарту. Осының бәрі қазақ тілінің даму жолы терминжасамның мынадай 4 тәсілі қалыптаса бастағанын көрсетеді:

1. семантикалық тәсіл
2. сөзжасам амалдары
3. калькалау тәсілі
4. өзге тілдерден дайын терминдер алу тәсілі.

Термин жасау амалдары нешеу болсын бәрібір мұның бәрі де ең алдымен аударма арқылы, аударма жұмысының өркендеуіне ықпал етеді. Енді бұларды жинап, өз алдына салалық терминдер, оның ішінде сәулет-құрылыс терминдерінің жасалу жолдарын жеке-жеке қарастырып көрейік.

1. Семантикалық тәсіл. Бұл тәсіл қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген басқа тіл сөздердің арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалуды болып табылады, яғни жалпы халықтың немесе жалпы әдеби тіл құрамын ежелден қолданылып, арнайы қызметке көшуі немесе терминдік қызметке бейімделуі. Бұл процесс қоғам дамуының кез келген кезеңінде емес, қарқынды даму кезеңінде болады. Еңбек, жоспар, жоба, қабырға, орта, терезе, төбе және т.б. осы тәрізді толып жатқан сөздердің терминдік сапаға көшуін біз осы семантикалық тәсілге жатқызамыз. Келтірілген мысалдардың кейбіреулері тіліміздің байырғы лексикасына жатады, ал кейбірі басқа тілдерден келген сөздер, мысалы: жоба, жоспар сөздерін тілімізде бұрыннан қолданамыз, осы сөздер енді терминге айналып отыр. Бұрын, мәселен жоба сөзі бір нәрсенің түрі, түсі, пішіні, кескіні дегенді білдіретін, ал қазір проект деген орыс терминінің мағынасын береді. Жоспар сөзі план терминінің аудармасы ретінде пайда болып, тілімізде әбден орнығып кетті.

2. Сөзжасам тәсілі. Ол үш бөліктен тұрады:

а) *морфологиялық және синтетикалық \қосымша жалғау\ тәсіл.* Бұл тәсіл сөз жасауға, түрлендіруге қатысты қосымшалардың қосылуымен жасалады. Яғни есімдерден, етістіктерден сын есім, зат есім, сын есім, сан есімдерден зат есім, етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтар. Мысалы: *-шы, -ші* жұрнағының негізгі түбірге қосылуы арқылы терминдер балта-шы, сәулет-ші, құрылыс-шы, қалақ-шы;

-шы, -ші қосымшасы туынды түбірлерге де, біріккен сөздерге де жалғана береді. Еден жуу-шы, жер өлшеу-ші, үй салу-шы, жоспар құру-шы, негізін салу-шы, қол өнер-ші, құрылыс-шы, сәулет-ші, қалақ-шы, үлестіру-ші, құрастыру-шы және т.б. Сонда байқап отырсақ, бұл қосымша жалғанған сөз екі түрлі мағына береді екен. Бірі бір мамандық немесе кәсіп иесі, екіншісі – қоғамдағы белгілі бір ағымды қолдаушы, оны жақтаушы.

ә) *синтаксистік және аналитикалық тәсіл.* Бұл екі немесе одан да көп сөздердің біріктірілуі арқылы жасалады. Мысалы: қолөнер \ремесло\, ұсақтас \дресво\, демалысжай \экседра\, шеткіаймақ \провинциальная\, үймерет \сооружение\, өнеркәсіп \промышленность\, іргетас \фундамент\, ұзынор \граншея\, итарқа \стропило\, жеделсаты \лифт\, керегекөз \обрешетка\ және т.б. сөздер екі компоненттің бірігуімен термин жасап тұр.

б) *аббревиация немесе қысқарту* \сөз, буын не әріп қысқарту\ амалдары да терминжасамға үлес қосады. Бұл қазақ тілінде ғана емес,

өзге туыс тілдерінде де тіл дамуының негізінде орыс тілі арқылы пайда болған терминжасамдағы жаңалықтардың бірі болып саналады. Өйткені оның сөз үнемдеуіне қасиеті бар. Әрине бұл амал әр түрлі жолмен жасалады, бірақ біз жалпы түрде мысал келтірейік: ЖӨЖ – \жұмыстар өндірісінің жобасы\, ҚҰЖ – \құрылысты ұйымдастыру жобасы\, ТЭН – \техникалық-экономикалық негіздеулер\, ТЭЕ – \техникалық-экономикалық есептеулер\, ҚМЕ – \құрылыс мөлшерлері мен ережелері\, ҚБАЖ – \құрылысты басқарудың автоматтандырылған жүйесі\, ЕПК – \еңбек процестерінің картасы\, БМБ – \бірыңғай мөлшерлер мен бағалар\ немесе әр алуан техника атауларының және басқа да құрал-саймандар маркалары немесе модельдері: СКР – 2600, БК – 1000, СКР – 1500, КП – 10 және т.б. кран маркаларын мысалға алуға болады.

3. Калькалау тәсілі. Бұл да аударма процесінің жалдануына байланысты кенес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды. Мұның, әсіресе терминжасам мәселелеріндегі рөлі айрықша. Калька дегеніміз – тіл білімпаздарының айтуынша ағылшынның *calque* деген сөзінен шыққан. О.С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» бұл лексикалық кірме ретінде қаралады. Яғни сөзбе-сөз аудару есебінде пайда болған сөз, не сөз орамы деп түсінік берілген. Оның бірнеше түрі бар: лексикалық калька, фразеологиялық калька, синтаксистік калька. Барлық сөздер калькалана бермейді, өйткені ол сөздің мағыналық құрылымы анық, яғни ішкі формасы, мотивовкасы, дәйектемесі болуы қажет. Калькалау тәсілін екі ыңғайда қарастыруға болады. Бірі – мағыналық, яғни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі мағынасын беру, екіншісі – мағыналық құрылымын беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Мағыналық калька қатарына ақ сыр \белила\, төбежабыл \покрытие\, күмбезбас \глава\, өрмектас \метоп\, үймерет \здание\, ғимарат \сооружения\, Ал екінші топқа құрылыс ағаштары \строительные леса\, есік блогы \дверной блок\, еңбеккүн \трудодень\, қызыл ағаш \красное дерево\, құрылыс бұйымы \строительное изделие\, тас жұмыстары \каменные работы\, бөгет тісі \зуб плотины\ және т.б. терминдік тіркестерді мысалға алуға болады. Осы жоғарыда аталған тәсілдердің ішінде калькалау тәсілінің орны ерекше. Өйткені қазақ тілінің қаншама терминдері осы тәсілдің қызметін пайдаланады. Әрине бұл тәсілдің рөлін түбегейлі зерттеп, басқа да жасалу жолдарына тоқталуға болады.

4. Өзге тілдерден дайын терминдерді алу тәсілі. Дүниежүзінің көптеген тілдеріне тараған халықаралық терминдер сол қалпын сақтап

қабылдау дұрыс екенін белгілі ғалымдардың көбі құптаған. Өйткені тілімізді байыту үшін, көрші елдерден де алуан қорықпауымыз керек. Осындай жолмен қалпында қалған сөздерге этажерка, эмаль, элеватор, электр, шурф, шпунт, цемент, цистерна, хром, фойе, фанер, трап, стиль, арматура, азротенк, берма, габарит, дюкер, кессон, ярус, тамбур, панель, сиккатив, резервуар және т.б. жатқызуға болады.

Осы аталған тәсілдердің барлығы салалық, оның ішінде сәулет-құрылыс терминдерінің жасалуына көп үлес қосады. Әрине бұдан басқа зерттелуге тиісті қаншама сатылар, неше алуан кезеңдер бар. Олар түбегейлі зерттеліп, ғылыми тұрғыда теориялық таразыға әлі де түсе бермек демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Хамзин С.* Құрылыс терминологиясы. Астана, 2006.
2. *Хамзин С., Ботабеков Ә.* Құрылыс терминологиясы. Алматы, 2000.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік (Сәулет-құрылыс). 9 том. Алматы, 2000.
4. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Алматы, 1962.
5. *Хамзин С.* Үймереттер мен ғимараттардың құрылыс технологиясы. Астана, 2004.

Әубәкірова А.Е.,

М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын жасаушы

А. Байтұрсынов – қазақ тілін зерттеудің үлгісін жасап, ғылыми терминдерді қалыптастырған ғалым ғана емес, сонымен қоса оның ары қарай дамуына, келешегіне айқын бағыт-бағдар берген тіл танушы. А. Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі терминмен таңбаланып жүрген ғылыми ұғымдар тұрғысынан зерттелу арқылы айқындалуы тиіс деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда Ахмет Байтұрсынұлының тек бір салаға қатысты терминдер авторы ғана емес, бірнеше ғылым саласы терминдер жүйесінің негізін қалаушы екендігіне куә боламыз. Өзара байланысқан жеке атаулардан ұғымдар жүйесі құралатын болса сәйкесінше оларға ұқсас келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы –терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез-келген ғылымды оқып-үйрену, зерттеу сондай-ақ өзгелерге үйрету әр салада қолданылатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің іргетасын қалыптастырушы ретінде А. Байтұрсынұлы тіл білімі саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын зерделеп, ана тіліміздің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Бұл аса талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді керек ететін шығармашылық үрдіс. Арнаулы ұғымдарға жаңа атау ойлап табу барысында ұғымдар жүйесінің өзіне тән ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Атаудың қысқа да нұсқа болуы, бір мәнді және ұғым мазмұнын қамту тағы бар. Осы талаптардың сәйкесінше орындалуының күрделілігі – терминдерді ана тіліміздің сөздік қорынан алып жасағаннан гөрі көбінесе ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескеріп, өзге тілдерден жасалған дайын қалпында қабылдауға мәжбүр ететін себептердің бірі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың шебер үлгісін көрсеткен.

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралынан» буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді кездестіреміз. Ал 1914-1915 жж. және 1928 жылға дейін бірнеше рет

басылған «Тіл – құралы» оқулықтарында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген зат есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша жалғау, жұрнақ сияқты терминдердің кездесетіні белгілі.

Ғалымның жасаған жазу үлгісі жұртшылыққа түсінікті болып, тең қабылданады. Сондықтан ғалым жекелеген ғылым саласының өз жүйесі сол жүйеге лайықты ұғымдары мен түсініктері болуы керектігі жайлы ізденіп, қазақ тілінің терминдік атауларын тыңнан жасай бастайды.

А. Байтұрсынұлы қазақ зиялыларының алғашқы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі қазақ жазуы туралы мақалаларында қазақ ұғымына бөгде, алайда тіліміздің құрылымын түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар – дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш деген т.б. сөздер. Бұл сөздер қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен, белгілі бір ғылыми ұғым ретінде нақты атау тұңғыш рет болған жайт.

Қазақ тілі терминдерін жасауды осылайша мақала пікірлерімен бастаған А. Байтұрсынұлы кейіннен үш бөлімнен тұратын «Тіл-құрал» еңбегі барынша жетіліп, жалғасын табады. Ғалым «Тіл-құрал» оқулығында дыбыс жүйесін талдайтын бірінші бөлімге сөз басын жазып, пәннің мәнін, мақсатын түсіндіреді. Тұңғыш рет ауызша сөйлеу мен жазып сөйлеудің маңызын ғылыми тілмен баяндай отыра: «әр жұрт баласын бірінші өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен өтінің, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз», – деп болжамдауы қазіргі уақытқа дейін маңызын төмендеткен жоқ.

Бұл еңбектің көлемінен гөрі мағыналық салмағы сан мың есе. Айқын да қарапайым жазылған бұл еңбек оқушының ұғуына соншалықты жеңіл. Ондағы мақсат қазақтың бай, көркем тілін белгілі бір жүйеге салып саралап, әрқайсысына нақты ат беріп, түсіндіруді көздеуінде. Ол қазақ тілінің ілгеріде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті сөз, сөйлеу, сөйлем, буын, дыбыс, таңба, әріп, тұлға, түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша тәрізді сөздерді тауып, орын-орнына қойып қалыптастырады. Әрбіреуіне нақты қызмет береді.

Дыбыстар, дыбыстардың құрамын, түрлерін айқындап, оларды алдымен дауысты, дауссызға, ары қарай жарты дауысты дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар деп түр-түрге бөлінетінін айтып, әрі қысқа, әрі нұсқат түсіндіреді. Әрбір дыбыстың айтылу ерекшелігіне, сөз материалы есебіндегі ішкі, сыртқы бейнесіне аса зергерлікпен үңіле отырып, әрқайсысын лайықты

атап, жаңылыспай саралап шығуы, тілдің ең ұсақ бөлшегіне дейін зерттеуі – ерекше қабілетті, зейінді лингвистің болмысына тән еді. Ахмет Байтұрсынұлы саралап көрсеткен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне байланысты пайда болған терминдік ұғымдардың барлығы дерлік тұрақты қалыптасты, тек **ымыралы, ымырасыз** деген сөздердің қолданысы ғана өріс тапқан жоқ. Ал мақтанышпен айтарлық, өміршендігімен бүгінгі күні қолданыста жүрген септіктер – **атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес** терминдері өзінің дәлдігімен тұрақтанып қалды.

А. Байтұрсынұлы термин жасау дағдысында екі басты принципті ұстанғанын аңғарамыз. Оның біріншісі – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану. Біз А. Байтұрсынұлының орыс тілінің грамматикалық категориялар түзудегі тәжірибесін терең меңгергенін байқаймыз. Әсіресе, тілді фонетика, морфология, синтаксис деген дәстүрлі жүйеге бөліп қарауына, әрине, ең алдымен, орыс тілі грамматикасының әсері жоқ емес. Мысалы, сөздерді **түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар** деп тұлғасына қарай беске бөліп қарауы, **зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау одағай** деп мағынасына қарай жіктеуі қаз-қалпында тілімізге сіңісіп кетті.

Жоғарыда баяндағандай ғалым термин жасау ісінде қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенгенін байқаймыз. Ол жасаған терминдердің бәрі дерлік ана тіліміздің сөздік қоры мен қазынасынан. Ал оны іске жарату барысында түрлі амалдар қолданған. Ол әуелі заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктейді (**әріп, сөз, сөйлем**), немесе оларға терминдік қызмет жүктейді, екіншіден, сөздерді тіркестіре қолдану арқылы терминдер жасайды (**түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше**), сондай-ақ түрлі қосымшалар көмегін пайдалана отырып, сан алуан терминдер (**бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік т.б.**) қалыптастырады.

А. Байтұрсынұлы фонетикалық, грамматикалық ұғымдарды орыс тіліндегі атаулардан калька жолымен аударып терминдеуге де көп бармаған. А. Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің ішінде калька жолымен келген аударма сияқты көрінетіндері бар, бірақ олардың орын алуына калькалау принципін ұстанудан гөрі басқаша негіз болғанын байқаймыз, яғни лингвистикалық категориялардың бірқатары барлық тілдерде де бар универсалийлер, олардың беретін ұғымдары да бірдей, сол себептен бұлардың терминдері де әр ұлт тілінің өз қорымен жасалғанда да бір-бірінен аударылып (калькаланып) алынған тәрізді болып

көрінеді. Мысалы, *есім – имя, сан есім – имя числительное, жекелік – единственность, көптік – множественность, шақ – время, осы шақ – настоящее время, келер шақ – будущее время*. Бұл жерде терминнің тұлғалық түрі емес, сол терминнің ұғымын білдіретін сөздердің бір-біріне аударылып алынған сияқты болып тұруына назар аударған жөн. А. Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдер жүйесінде мұндай калька типтес атаулар өте аз, басым көпшілігі белгілі бір ұғымды қазақша өзгертіп атау болып келеді. Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы – оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Сонымен қатар оның жазып қалдырған мақалалары мен “Тіл-құрал”, “Тіл-жұмсар” тәрізді еңбектерінде кездесетін *программа, фонетика, морфология, синтаксис, дума, школа, председатель, министерство* сияқты сөздерін қарастыра келе, оның өзге тілдің (әсіресе орыс тілінің) сөздік қорындағы керекті сөздерді пайдаланудан реті келгенде қашпағанын аңғарамыз. Сондай-ақ ана тіліміздің сөздік құрамына бұрыннан кірігіп, байырғылардың қатарына қосылған *оқу, білім, мектеп, кітап, өнер* т.б. тәрізді араб сөздерін де терминдік материал есебінде жиі пайдаланып отырады.

Ахмет Байтұрсынұлының бұрын қазақ құлағы естімеген жаңа сөздерді (зат есім, есімдік, септік, етістік, бастауыш, анықтауыш, демеулік, бейнелеу, кейіптеу, бернелеу, заманхат т.б.) ұсынуының немесе мағыналарын ауыстырып, байырғы сөздерді (жалғау, жұрнақ, жақша, ұяң дыбыс, қатаң дыбыс, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, шумақ тармақ, бунақ, буын, асыл сөз, көсем сөз т. т.) пайдалануының бір себебі осында.

Екіншіден, термин үшін жаңадан сөз (тұлға) жасауға немесе төл сөздің мағынасын ауыстыруға қолайлы нәрсе - сол тілдің, бұл жерде қазақ тілінің, өз сөздік қоры, ана тілінен пайда болған сөздер (жасандысы да, мағынасы ауыстырылғандары да) сол халықтың жұртшылығына әлдеқайда түсініктірек болады; ұғымдар парадигмасын көрсетуге біркелкі тұлғалық жүйені (*әсерлеу, меңзеу, жорғақ «рифма», ырғақ «ритм»* сияқты сөздерді) пайдалануға ана тілі сөздерінің түбірлері қолайлы болып келеді.

Міне, А. Байтұрсынұлының терминология саласында «қазақылыққа» бой ұруының тағы бір себебі осында деп білеміз.

Үшіншіден, А. Байтұрсынұлының термин жасаудағы мақсаты ғылымның ең төменгі сатысы - мектеп оқулықтарының мұқтажын толтыруды көздегені. Ал бастауыш деңгейдің мектеп оқулықтары, қажеттіліктері ғылымның толық өзі емес, бастамасы, дәлірек айтсақ, ғылымнан гөрі білім саласына қызмет ететін құралдар екендігі белгілі.

Бүгінгі «қазақ тіл білімі» саласы үлкен ғылымның бір тармағы болып саналатындықтан, осы саланың алғашқы танымдары, терминдері, танытылуы (ұсынылуы) мектеп оқулықтарынан, оның ішінде А. Байтұрсынұлы дүниеге әкелген «Тіл – құралдардан» басталады.

Қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылымын ғалым кімдерге танытып отыр, міне, бұл бәрінен маңыздырақ. Бұл білім саласы бастауыш мектеп балаларына үйретілімек. Зиялы қазақ мектептерінің пайда болуының өзі үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан басталса, тіл таныту терминдері, мектеп оқулығы дегеннің өзі халыққа тосын, бұрын біліп-кермеген дүниесі болды (бұл жайында А. Байтұрсынов өзі жазған) және олар 7-8 бен 10-12 жастағы ауыл балаларына ұсынылады, сондықтан А. Байтұрсынұлы шағын болса да білім-ғылымның бұл саласын жас өспірімдердің ана тілінде түсінікті етіп, баяндауға міндетті еді, оларға жат болса да, бейтаныс ұғым атауларын қазақша ұсынуға мәжбүр болды.

Зат есім, сын есім, бастауыш, баяндауыш, етістік, есімдік, жақша, үтір сияқты сөздерді балалар жатсынбай қабылдайтынын сөздер. Тіпті бұл күнде тілдің «фонетика», «морфология», «синтаксис» деп атап жүрген құрылымдық бөліктерін ғалым алғашқы жылдары (1914-1922) «Қазақ тілінің сарфы» деп, 1923 жылдардан бастап «Дыбыс жүйесі һәм түрлері», «Сөздің жүйесі һәм түрлері», «Сөйлем жүйесі һәм түрлері» деп берген. Әрине, мектеп табалдырығын енді аттаған балалардың өздері түгіл, ата-әжелерінің, әке-шешелерінің хабары жоқ білім-ғылым тарауларын «фонетика», «морфология», «синтаксис» деп танытқаннан гөрі, «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» деп атау әлдеқайда түсініктірек, таныстау болары даусыз екенін сол кездің ғалымдары жақсы сезген.

Қорыта келгенде, оның термин жасаудағы өнегелік үлгісі күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, тілдің барлық сыр-қырын, амал-тәсілін сарқа пайдалануда А. Байтұрсынұлының салған жолы - таптырмайтын үлгі. Осы аз ғана қысқаша мәлімдемеден қазақ тіл білімінің соның ішінде қазақ терминологиясының негізін салған А. Байтұрсынұлы деп түйін жасауға әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. және қазақ филологиясы мәселелері. Конференция материалдары мен тезистері. Алматы. Арыс, 2004.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, Жалын, 1991.

Исмайлова Р.Н.,

Қарағанды «Болашақ»

университетінің аға оқытушы

Қазақ терминологиясының кешегісі мен бүгінгі жайы

Тіліміздің ұлттық терминқорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминқор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады. Алайда осы терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалануда сол отызыншы жылдарға дейінгі қазақ зиялылары түгелге дерлік басқа пікірде болды. Солардың қатарында жат сөздерді қабылдау, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы сонау жиырмамыншы жылдары-ақ арнайы еңбек шығып, қолға алынған болатын. (1)

Қазіргі қазақ терминографиясының жағдайында баспадан жарыққа шығып жатқан сөздіктердің сапасы мен қызметіне, олардың терминдерді реттеп беру, дефинициясын ашып беру дәрежесіне ғылыми-көпшілік қауымның, ғалымдардың көңілдері толмай жүргендігі, әр сөздік түрінің өз қызметтерін орынды, талапқа сай орындай алмай келе жатқандығы кім-кімге де жаңалық болатын құбылыс емес.

Бүгінгі таңда дамыған, марқайған, кемеліне келген ұлттық әдеби тілдердің көп белгілерінің бірі – сол тілдегі ғылыми стильдің қалыптасуы болып саналады. Басқаша айтқанда, әдеби тілдің әдебилігі мен толыққандылығы «ғылым мен техника» тілі деп аталатын «кіші тілдің» («языковая подсистема» мағынасында) әлеуметтік қызметіне байланысты болса керек.

Диалектологтарымыз қанша жыл ұдайы зерттеп келе жатса да, біз әлі күнге дейін қазақ тіліндегі диалектизмдердің жалпы санын дәл айтып, саралап бере алмаймыз және ол мүмкін де емес. Зерттеген сайын жалпыхалықтық тіл байлығының көзі ашыла беретіндігін көріп отырымыз. Жергілікті ерекшеліктердің көбісі сол өлкедегі елдің өмір тіршілігіне,

кәсібіне, өзіндік салт-дәстүріне байланысты. Жүйесін тауып пайдалана білсек, олар да өз асылымыз. Қазақы сөйленістерінде кәдеге жарайтын, тіліміздің баюына қажетті, ал әдеби тілде баламасы жоқ сөздер кездеседі. Мысалы, мал егіз тапса, егіз дейміз, үшеу, төртеу тапса, оны бір сөзбен айтатын әдеби сөз жоқ. Ал, Ақтөбе, тағы басқа облыстарда мұны үшен (үшем), төртен дейді. Сондай-ақ Семей облысында ұжым сөзі сияқты сөйленістік атаулар бар. Қазір ұжым сөзі коллектив сөзінің аудармасы ретінде ұлттық терминқорымызға енді. Әдеби тілімізді байытатын осындай сөздерді орнықтыруға, қалыптастыруға тиістіміз.

Жергілікті халық тілінің байлығын пайдалануда бізде әлі күнге дейін әр түрлі пікірлер бар.

Қазақ диалектологиясы – тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда кейін пайда болған, іргетасы кейіннен қаланған сала. Бұл саланы зерттеу ісі 1940 жылдардан бастап қана қолға алына бастады. Бұл салада алғашқы еңбек жазғандар С.А. Аманжолов пен Ж.Д. Досқараев болатын. (2)

Тіл байлығымыздың үлкен бір саласы — ғылыми-техникалық терминдер, бірақ олар қолданысы жағынан біршама шектелген. Қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктердің тізімін алып көрсек, тек Қазан революциясынан кейінгі кезеңде шыққандары 80-нен асады. Осы сөздіктерде қамтылған салалық терминдердің жалпы саны, орыс және интернационалдық терминдер мен қазақ тілі негізінде жасалған терминдерді қоса есептегенде, бүгінгі таңда қазақ тілінің байырғы, яғни төл сөздерінің санынан асып бара жатыр, термин атаулының саны төлтума өз сөздерімізден көп. Ол – қазақ тілінің үлкен мүмкіндіктерін көрсететін нәрсе. Ол – тілдің дамып жатқандығын байқататын нәрсе. Әдебиеттің даму үрдісіне орай, тіл де күрделілене береді. Тіл эманда халықтың дамуымен тарихтың шеруімен, белгілі оқиғаларға орай байып отыруы керек. Жаңа ұғымдар, жаңа терминдер қалыптасуы керек. Ал, жаңадан еніп жатқан сөздердің бәрін өзімізден табу мүмкін емес. Бірақ үнемі балама табу да шарт емес.

Бұл нені көрсетеді? Жер бетінде ауыс-түйісі жоқ тіл кездеспейді. Бірақ заңды түрдегі ауыс-түйістің де белгілі шегі болады. Ал сыртқы әсер күшейген сайын тіл өз еркінен айырыла береді. Бұл, әрине, өз алдына қаралатын жеке мәселе. Дегенмен тілімізге күн сайын, апта сайын жүздеп, мыңдап еніп жатқан термин-атауларға тіліміз, оның сөздік қоры бейтарап қала алмайды. Оларды біз қабылдауымыз керек және тіл байлығына айналдыру үшін өз тіліміздің ішкі заңына бойсұндыра, оған үйлестіре

қабылдауымыз керек. Сонда ғана шеттен енген ауыс-түйістер тілімізге етене сіңісіп, өз сөзіміздей болып кетеді.

XXI ғасыр – әлемдік мәдениет пен ғылым-білімнің дамып, сарапқа салынып жатқан қарбаласы, берері көп ғасыр. Әлемнің озық білімін үйрену үшін, өз жетістіктерімізді көрсетіп, дәріптеу үшін тілді меңгерудің маңызы зор.

Алайда мәселенің байыбына тереңірек бару үшін «әдеби тіл» мен «ғылым тілінің» арақатынасын, қалыптасу жолы мен даму процесін анықтап алған жөн. Ең алдымен айтарымыз: «ғылым тілі» мен «ғылыми тіл» деген ұғымдар өзара байланысты болса да, екеуі бір емес. «Ғылыми тіл – әр саладағы ғылымның өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктерінің белгілі жүйесі, қолданыс тәсілдері. Бұл терминді көбінесе «ғылыми стиль» деп те атайды. «Ғылыми тілге» қарағанда «ғылым тілінің» мағынасы әлдеқайда кең, ауқымы зор. Өйткені «ғылым тілі» деген ұғым жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметінің үлкен бір саласын қамтиды. Бұл сала ғылыми-техникалық прогрестің шарықтап дамуына байланысты қанатын кең жайып, тамырын тереңдете түседі, өзі де дамиды, жалпы әдеби тілімізді де кемелдендіре түседі. Басқаша айтқанда, қоғам өміріне ғылыми-техникалық прогресс қаншалықты қажет болатын болса, сол қоғам мүшелеріне қызмет етіп отырған ғылым тілі де соншалық қажет.

Осы арадан келеді де, жалпы жазба әдеби тіл мен ғылым тілі өзара байланыса, астарласа дамиды, қалыптасатын құбылысқа айналады. Әдеби тілдің құрамында ғылым тілінің пайда болуы оның қоғамдық қызметі мен қолданыс аясын кеңейту қажеттілігінен туады да, бұл оның төрт құбыласы тең дербес тіл ретінде өмір сүруінің бірден-бір кепілі болып саналады. Әдеби тілдің құрамында ғылым тілінің белгілі бір себептермен қалыптаса алмауы немесе қалыптасса да, ғылыми қауым тарапынан кең қолданыс таппай, қалың көпшіліктен оқшау тұруы, сайып келгенде, әдеби тілдің қоғамдық мәртебесіне нұқсан келтіреді. Басқаша айтқанда, ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды. Сондықтан да ғылым тілінің қалыптасуын, ғылымның жан-жақты дамуына сай жүйелене, жетіле түсуін әдеби тілдің әдебилігі мен әмбебаптылығының шартты белгісі деп қараған жөн.

Айта кету керек: тіл саясатындағы кейінгі уақытта жүз берген жаңа бетбұрыстарға байланысты терминология саласында аталмыш принциптің жаңғыра бастауы байқалады, ертеде әрі асығыс, әрі замана ағымына қарай балама іздеп әуре болмай-ақ алына салынған көптеген термин атаулар тіл тәжірибесінде Қазмемтерминкомның талқылап, бекітуін

күтпей-ақ газет-журнал беттерінде қолданыла бастады. Әдетте, мұндай жағдай теорияның практикадан кешеуілдеп кейін қалуынан болады.

Сондықтан өзге тілдегі терминдердің дәл баламасын табудың мүмкіндігі табылмаған немесе балама табуды қажет етпейтін эпонимдер (адам аттарымен аталған) мен таңба терминдерді, әлемнің көптеген тілдерінде қолданылып жүрген кейбір кең тараған терминдерді өз тіліміздің дыбыстық-құрылымдық табиғатына сәйкестендіріп қабылдау-өзге тілдерден термин қабылдаудың негізгі шарттары болып табылады.

Терминология дамуының осыған дейінгі кезеңінде тілімізге қабылданып, арнаулы салалардың көпшілігінде орнығып, білім беру мен ғылым тілінде, мамандардың кәсіби қарым-қатынасында қолданылып жүрген мындаған кірме атауларының бәріне балама табамыз, аударамыз десек, жүзеге асатын мақсат қойдық деуіміз қиын болар. Тілдердің даму тарихы мен жалпы тілдік заңдылықтардан хабары бар мамандардың ешкімнен сөз алмайтын, ерекше тіл боламыз демесі де анық.

А. Байтұрсынұлы: «Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.» деген болатын.

Академик Ә. Қайдар «интернационалдық терминдер мен атаулар қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау қажет» деп атап көрсетеді. (3)

Кезінде А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, Н. Төреқұлұлы сияқты алаш зиялыларының бұл ұстанымдары арадағы 70-80-жылды есептемегенде бүгін де көптеген тілші ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы жасаған, 30-жылдарға дейін ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда алаш зиялылары басшылыққа алған қағидаттарға қайта оралып отырмыз. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, әлемдік ғылымның жетістігін бейнелейтін термин сөздерімізді тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жазып, қоғамдық өміріміздің барлық салаларындағы қарым-қатынасымызды қамтамасыз ететін ұлттық терминқор қалыптастыратын жасампаз ұлт боламыз десек, басқа жол таңдау қиын. Араға қаншама уақыт салып барып Ахандарға оралып, солар жасаған қағидаттарды қайта жаңғыртып, соған негізделген қағидат қалыптастырсақ деп, бағдар белгілеп, жол таңдауымыздың басқа себебі де, негізі де жоқ.

Егер біз ғылымның барша жаңалықтары мен табыстарын ең алдымен адамның, халықтың игілігіне қажет дүние деп танысақ, бұл арадағы тілдің атқаратын орасан зор қызметін де ұмытпағанымыз жөн. Өйткені қандай



ғылым болмасын халыққа қызмет ету үшін сол халыққа етене жақын, түсінікті тілде дамуы тиіс. Бұдан, әрине, басқа тілде білім алуға болмайды деген пікір тумаса керек. Дегенмен орта мектептерді ана тілінде бітірген жастардың жоғары білім мен мамандық алуды сол тілде жалғастыруы өте тиімді болар еді, өйткені тіл тосқауылы («языковой барьер» мәнінде) әрқашан да білім сапасына, мамандық игеруге жағымсыз әсер етеді.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда әлем халықтары арасында алуан түрлі пікірлерге арқау болып отырған. Құбылыс – жаһандану үдерісі. Саны аз ұлттар өз тілі мен діліне, дініне берік тұғырнама орнатып, осы орайда қыруар шаруа тындырмаса, алпауыт елдерге жұтылып, өз болмысынан айрылып қалатыны тарихта баяғыда-ау дәлелденген, себебі, жаһандануға тән нәрсе-материалдық игіліктердің бірінші кезекке шығып, руханият дүниесінің кейінге ысырылатыны. Сондықтан да осы жайтты басты назарда ұстасак, ұлттық терминдерді қалыптастыру төңірегінде ойласар жайттар баршылық.

Әдебиеттер

1. Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидағтары». Алматы, 2004.
2. Ә. Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері». Алматы, 1998.
3. Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев «Қазақ диалектологиясы». Алматы, 2002.

*Саян Досаров,
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігінің
Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту департаменті
Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының Бастығы*

Көлік-коммуникация кешенінде терминдерді біріздендіру мәселелері

Әр саланың өз термині бар. Сол терминдерді қолдану арқылы белгілі бір саланың бағыт-бағдары анықталады. Мән-мағынасы айқындалып, сол саладағы терминологияның одан әрі даму процесі жүйелену арқылы қалыптасады. Мұндай ғылыми ұғымдарды пайымдау жолында ұлттық терминологияның тереңнен тамыр салуына қажеттілік туындайды. Сол себепті, көлік-коммуникация кешенінде терминдерді біріздендіру мәселелері де өзектілігімен ерекшеленіп отыр.

Егеменді еліміздің өркендеуі жолында көлік және коммуникация жүйесі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өте қажетті сала болып табылады. Азаматтарды жұмыспен қамту барысы да бұл салада кеңінен қолға алынған. Мәселен, қазақтың күре тамыры темір жол, авто жол, әуе кеңістігі, теңіз көлігі бағыттарында жүздеген, мыңдаған адамдар еңбек етіп отбасыларын қанаттандыруда. Оған қоса, туған-туыс пен дос-жаранның қарым-қатынасы да осы көліктер арқылы жүзеге асырылады. Айта берсе қалың парақтың бетін алып, ұзақ әңгімеге арқау болар тақырып.

Осы көлік саласына мемлекеттік тілді енгізу шаралары қарқынды дамып, ойдағыдай жалғасын табуда. Яғни, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшу туралы» 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №312 бұйрығына қол қойылды. Осы бұйрыққа сәйкес Министрлік пен оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ көлік-коммуникация кешенінің ұйымдары мен кәсіпорындары 2008 жылғы қаңтардан бастап іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті. Содан бері көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік

тілді енгізу барысындағы басты бағыттардың бірі ұлттық терминді қалыптастыру үшін біршама маңызды шаралар қолға алынып отыр.

Министрлікте бірыңғай терминологияны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Мемлекеттік терминология комиссиясына талқылауға ұсыну үшін қызметте қолдануға қиындық тудыратын терминдік сөздерді жинай бастады.

Министрліктегі бірыңғай терминологияны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының жұмысын жетілдіру мақсатында 2009 жылғы

14 сәуірде «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде бірыңғай терминологияны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» Жауапты хатшының 2008 жылғы 23 маусымдағы №299 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы Жауапты хатшының №180 бұйрығына қол қойылды. Ағымдағы жылдың 22 мамырында жұмыс тобының кезекті отырысы өтіп, онда Көліктік бақылау комитетінің ішкі сөздіктер жинағы талқыланды. Жақында, аталған комитет өздерінің ішкі қолданысқа енгізілетін сөздіктерін жарыққа шығаруды жоспарлап отыр.

Осындай ішкі қолданысқа арналған сөздіктерді Министрліктің Автомобиль жолдары, Азаматтық авиация, Көлік және қатынас жолдары комитеттері де қолға алып, өз бағыттарында пайдаланып жүрген терминдер сөздігін шығару арқылы көлік-коммуникация кешенінің терминдерін біріздендіру мәселелеріне қомақты үлес қосарға бел буды.

Сондай-ақ, аталмыш Жұмыс тобының алдында тұрған үлкен бір жұмыс көлік саласына қатысты «Қазақавтожол» РМК, «Қазавтокөлік» АҚ, «Эйр Астана» авиакомпаниясы» АҚ ұсынған терминдер жинақтарын талқылау болып табылады. Сол себепті, былтырғы жұмыс тобының құрамын жаңартып, іскери жағынан тиімділігін арттыру шаралары қолға алынууда.

Ал, «Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесінен 2008 жылғы 10 қыркүйекте Министрліктің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасына жолданған №708 хатында көтерілген мәселелердің бастысы мекеменің атауындағы «Тіркелім» сөзінің орнына «Регистр» сөзін аударусыз қалдыру өтініші қаралды. Дегенмен, бұндай халықаралық терминге өзгеріс енгізуге біздің басқарманың құзырлы еместігін ескере отырып, Тіл комитетіне аталмыш хатты жолдаған болатынбыз. Жақында, атап айтсақ, 2009 жылдың 5 маусымында №10-02-04/799 хатымен жіберген Тіл комитетінің жауабында «Кеме қатынасының тіркелімінің» өтініші ғылыми тұрғыдан сараптамадан өткізу үшін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына жолдағанын айтып, сол хаттың көшірмесін қоса

берген. Сонымен, қорыта айтқанда, «Регистр» сөзін баламалау немесе сол қалпында қалдыру мәселесі өз жалғасын табуда. Ендігі кезекте, аталмыш институттың ғылыми пайымдамасын күтіп отырмыз. Осындай жүйелі қалыптасқан жұмыстардың нәтижесі де алыста емес.

Терминологияны біріздендіру мақсатында көлік-коммуникация кешенінің ұйымдары мен кәсіпорындарының мемлекеттік тілді енгізумен айналысатын мамандарын Министрліктің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасынан тағылымдамадан өтуді жүйелендіру шаралары жүргізілуде. Яғни, 12-16 мамыр аралығында Қызылорда облысының «Қорқыт ата» әуежайы» акционерлік қоғамының қазақ тілі маманы біліктілігін жетілдіру үшін Министрліктің мемлекеттік тілді енгізу жұмыстарымен танысу мақсатында тағылымдамадан өтті. Оған көптеген әдістемелік көмек көрсетіліп, оқыту құралдарымен, сөздік кітаптармен, электрондық сөздіктермен қамтамасыз етілді. Осындай тағылымдамадан өту мемлекеттік тілді енгізу мен дамытудың бір бағыты деп санаймыз.

Министрліктің мемлекеттік тілде құжат дайындауда бірізділікті қалыптастыруға қолайлы әдіс екенін сезіне отырып, көлік-коммуникация кешенінің тіл мамандарымен тығыз байланыс орнату жоспарлы түрде өз жалғасын табуда.

Үстіміздегі жылдың 12-22 мамыр аралығында Министрліктің Тілдерді қолдану мен дамытудың 2009-2010. жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 8-тармағына сәйкес Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту департаменті мен Ақпараттық технологияларды дамыту басқармасы бірлесе отырып, Министрлік қызметкерлерінің жұмыс компьютерлеріне ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша жасалған, бекітілген терминдердің Қазақша-орысша, Орысша-қазақша сөздігі (Ш.Құрманбайұлы, Алматы, Сөздік-Словарь, 2004) және Қазақ тілін дербес компьютерлерде кешенді қолдану жүйесі (Sanasoft, 2006), сонымен қатар, «АлтынСофт» компаниясының Қазақша-орысша-қазақша мемлекеттік қызметкерлерге арналған электрондық сөздігі сияқты орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктердің электрондық нұсқасын орнату шараларын жүргізді. Министрліктің штат кестесіне сай қызметкерлердің жалпы саны – 385 адамды құрайды. Электрондық сөздіктер барлық компьютерлерге орнатылды. Осы шаралардың тиімділігі қызметкерлердің мемлекеттік тілде құжат дайындау барысында сапасының артуына септігі тиеді. Содан кейін, хатты аударып отырып, электрондық сөздіктегі әр термин сөздерді жаттау арқылы мемлекеттік тілді меңгеруін жетілдіреді.



Әйткенмен, көлік саласына мемлекеттік тілді енгізу арқылы терминологияны біріздендіру мәселелерін шешу барысында кемшіліктер де жеткілікті. Әсіресе, темір жол мен теңіз көлігіне, және де әуе кеңістігіне қатысты терминдердің зерттелмеген жақтары көп. Оған ғылыми тұрғыдан зерделеу қажет екенін де сезіне отырып, келешекте көлік саласына мамандар даярлап отырған жоғары және орта оқу орындарымен тығыз байланыс орнату көзделіп отыр.

Бүгінгі таңда, Министрліктің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы алдына қойып отырған басты міндеттердің сапалы іске асырылуын назарда ұстауда. Яғни:

- комитеттердің ішкі сөздіктерін дайындау;
- көлік-коммуникация кешені тіл мамандарының Министрлікте тағылымдамадан өтулері;
- мемлекеттік тілді үйрену курсынан сертификат алған қызметкерлердің құжатты мемлекеттік тілде әзірлеу сапасына бағалау жүйесін қалыптастыру;
- комитеттерде мемлекеттік тілді енгізумен тікелей шұғылданатын топ құру;
- салалық терминдерді біріздендіру мақсатында алдағы уақытта терминологиялық сөздікті шығару күн тәртібінде тұр.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде және көлік-коммуникация кешенінде терминдерді біріздендіру мәселесін нақты іс-қимыл арқылы шешу үшін сүбелі үлес қосуға күш салудамыз.



Терминтану әлемнің көптеген елдерінде ғылымның бір қатар салаларымен тығыз байланыста дамып, қалыптасып келе жатқан кешенді ғылыми пән. Оның өзіне тән ұғымдар жүйесі, зерттеу пәні мен нысаны, сала ұғымдарын білдіретін жүздеген атаулары бар. Терминология мәселелерін арнайы зерттейтін терминтанушы ғалымдармен қатар, терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында түрлі сала мамандары осы ұғымдардың атауларымен танысып, олардың мағыналары білулеріне тура келеді. Сондықтан, терминтанушыларға, терминшілер мен терминологиялық жұмыстарға әр түрлі дәрежеде қатысы бар өзге сала мамандарының да қажетіне қарай пайдалану үшін (филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының авторлығымен жарияланған «Терминтану сөздігі» Қарағанды, 2009. 145 бет. бойынша) терминтану пәнінің негізгі терминдердің орысша-қазақша сөздігі беріліп отыр. Хабаршының келесі санында терминтану атауларының түсіндірме сөздігін жариялау жоспарланып отырғанын хабарлаймыз. Бұл терминтану ұғымдарының атауларын түрлі ғылыми еңбектер мен сөздіктерден дербес пән терминдері ретінде бірнеше жыл жинақтап, олардың көпшілігінің қазақша баламаларын жасап, мағыналарын түсіндіріп, жүйеге түсіріп ұсынылып отырған қазақ тіліндегі алғашқы сөздік. Ұсынылып отырған терминтану атауларының 90 пайыздайының қазақшасы алғаш жасалып отырғандықтан, оларды көпшілікке таныстырып, терминжүйені жетілдіре түсу үшін мамандардың ұсыныс-пікірлерін жинақтау да өте маңызды.



ТЕРМИНТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ОРЫСША-ҚАЗАҚША СӨЗДІГІ

А

Аббревиатурный термин – қысқарған термин

Аббревиатурный терминологический элемент – қысқарған терминбөлшек

Абсолютная интернационализация терминов – см. Полная интернационализация

Абсолютная мотивированность – толық уәжділік

Абсолютная однозначность термина – терминнің толық бірмағыналылығы

Абсолютная синонимия терминов – терминдердің толық синонимділігі

Абстрактность терминов – терминдер дерексіздігі (абстракттілігі)

Австрийская терминологическая школа – см. Венская терминологическая школа

Австро-германская терминологическая школа – Австрия-германия терминтану мектебі

Автоматизированная система информационно-терминологического обслуживания – ақпараттық-терминологиялық қызмет етудің автоматтандырылған жүйесі

Автоматизация терминологических работ – терминологиялық жұмыстарды автоматтандыру

Автор термина – термин авторы

Авторская терминология – авторлық терминология

Авторский термин – авторлық термин

Административно-политический термин – әкімшілік-саяси термин

- Акронимный термин** – әріптік қысқартылған термин
- Активное овладение терминологией** – терминологияны белсенді меңгеру
- Акцентологический вариант термина** – см. Фонетический вариант термина
- Аллотермины** – см. Термины-варианты
- Алфавитно-гнездовой терминологический словарь** – әліпбилік-ұялық терминологиялық сөздік
- Алфавитный терминологический словарь** – әліпбилік терминологиялық сөздік
- Анализ терминологии** – терминологияны талдау
- Антонимия терминов** – терминдер антонимділігі
- Апробация терминосистем** – терминжүйені сынақтан өткізу
- Ареал термина** – термин аумағы
- Ареальные дублеты** – аймақтық дублеттер
- Ареальный термин** – аумақтық термин
- Архаический термин** – см. Устаревший термин
- Архитектурный термин** – сәулет термині
- Аспектные синонимы** – аспектілік синонимдер
- Ассоциативная благозвучность термина** – терминнің ұқсату үндесімділігі
- Ассоциативная неблагозвучность термина** – терминнің ұқсату үндесімсізділігі

Б

- Базовый отраслевой словарь** – базалық салалық сөздік
- Базовый термин** – базалық термин



- Базовый терминологический фонд** – негізгі терминологиялық қор
- Безэквивалентный термин** – баламасыз термин
- Биологический термин** – биология термині
- Бинарное терминологическое сочетание** – см. Двухкомпонентный термин
- Благозвучность термина** – термин үндесімділігі
- Большая терминосистема** – см. Микротерминосистема
- Ботанический термин** – ботаника термині
- Буквальное значение термина** – терминнің дәлме-дәл мағынасы
- Буквенная длина термина** – см. Знаковая длина термина
- Бытовой термин** – тұрмыстық термин

В

- Валентность термина** – термин валенттілігі
- Вариантность термина** – термин вариантылығы
- Вариативность термина** – см. Вариантность термина
- Введение термина в текст** – терминді мәтінге кірістіру
- Ведущий термин** – см. Основной термин
- Венская терминологическая школа** – Вена терминтану (терминология) мектебі
- Величина терминологии** – терминология көлемі
- Вертикальный терминологический ряд** – тік терминологиялық қатар
- Верхний предел термина** – терминнің жоғарғы шегі
- Взаимозаимствование терминов** – өзара терминалмасым
- Видовой термин** – түртермин

- Внедренность термина** – терминнің қолданысқа енгендігі
- Внутренняя унификация** – тілішілік біріздендіру
- Внутренний термин** – ішкі термин
- Внутригнездовой термин** – ұяшілік термин
- Внутриязыковая координация терминологии** – терминологияны тілішілік үйлестіру
- Военный термин** – әскери термин
- Возраст терминологии** – терминология жасы
- Волновое развитие терминологии** – терминологияның толқынды дамуы
- Воронежская терминологическая школа** – Воронеж терминтану мектебі
- Время появления термина** – терминнің пайда болу уақыты
- Время исчезновения термина** – терминнің жойылу уақыты
- Вторая степень терминологизации** – терминденудің екінші дәрежесі
- Вторичная терминологизация** – с. Транстерминологизация
- Выбор термина** – термин тандау
- Выборочный терминологический контроль** – ішінара терминологиялық бақылау
- Выделение терминов** – терминдерді бөлу
- Высокочастотный термин** – см. Употребительный термин
- Вышестоящий термин** – см. Родовой термин

Г

- Гармонизация терминологий** – терминологияны үндестіру
- Генезис терминологии** – см. История терминологии

Генетические параметры терминологии – терминологияның генетикалық өлшемдері

Генетическое родство терминологии – терминологияның генетикалық туыстығы

Гетероним – см. Термин-эквивалент

Гибридная интернационализация – жартылай халықаралықтандыру

Гибридный термин – будан термин

Гибридотермин – см. Гибридный термин

Гипероним – см. Родовой термин

Гипоним – см. Видовой термин

Глубина термина – термин құралымы

Гнездовое образование терминов – ұялы терминдер жасау

Гнездовость термина – термин ұялылығы

Гносеологическая функция термина – терминнің танымдық қызметі

Гносеологическое терминоведение – гносеологиялық терминтану

Горизонтальный терминологический ряд – көлденең терминологиялық қатар

Горьковская терминологическая школа – Горький терминология мектебі

Государственный терминологический стандарт – Мемлекеттік терминологиялық стандарт

Грамматическая ассимиляция термина – терминнің грамматикалық игерілуі

Грамматическое освоение термина – см. Грамматическая ассимиляция термина

Границы термина – термин шегі

Границы терминосистем – терминжүйелер шекарасы

